



Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 Бұйрығы.
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6173 болып енгізілді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 32-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қоса берілген денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (Қ.Ш. Нұрғазиев) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмилдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.А. Біртановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр	Ж. Досқалиев
---------	--------------

	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына қосымша
--	--

Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен
штат нормативтері

1-бөлім. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау
ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтері

1-тарау. Ауруханалардың дәрігерлік және фармацевтикалық
персоналының үлгі штаттары мен
штат нормативтері

§1. Клиникалық бөлімшелері

Ескерту. 1-параграф жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 10 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Стационар бөлімшелерінің (палаталарының) қызметкерлер құрамының лауазымдары бейіндік төсектердің айналымына сәйкес жұмыстың көлеміне байланысты және мамандардың жүктеме нормативін анықтау әдестемесі негізгі бейін мамандығы дәрігерінің бір лауазымы үшін, палаталық мейірбикелердің бір постысы үшін және палаталық санитарлардың бір постысы үшін осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

1-1. Амбулаториялық-емханалық көмекті көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға арналған ұсыныс сипатында және оны медициналық ұйымның бірінші басшысы медициналық қызметтердің қажеттілігіне қарай жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша бекітеді.

Ескерту. Норматив 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 17.08.2013 № 477/1 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Негізгі бейін мамандығы дәрігерінің, палаталық мейірбикелер постысының және палаталық санитарлар постысының лауазымдары емделген науқастардың санына байланысты осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

3. Осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 2-тармағында көзделген лауазымдарды қоспағанда, жекелеген мамандықтар дәрігерлерінің лауазымдары:

1) нейрохирургия және нейротравмотология бөлімшелері бойынша бөлімшеге 1 лауазым есебінен : офтальмолог-дәрігер, отоларинголог-дәрігер және психиатр-дәрігер (жиынтықта) және бөлімшеге 1 лауазым есебінен невропатолог-дәрігер;

2) торакалды-хирургия, кардиохирургия және туберкулез өкпе-хирургия бөлімшелері бойынша - бөлімшеге 1 терапевт дәрігер лауазымы;

3) тамыр хирургиясы бөлімшесі бойынша (шығу кезінде шұғыл көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін) - 2 жүрек-қан тамыр хирургі дәрігері лауазымы;

4) проктология бөлімшелері бойынша бөлімшеге 0,5 онколог-дәрігер лауазымы;

5) урология бөлімшелері бойынша - манипуляциялар мен эндоурологиялық зерттеулер нормативі есебінен және жұмыс көлемінің болуына қарай эндоскопист-дәрігер лауазымы;

6) токсикология бөлімшелері бойынша - бөлімшеге 0,5 лауазым есебінен психиатр дәрігер лауазымы;

7) травматология бөлімшелері бойынша нейрохирургия бөлімшесі болмаған жағдайда 0,5 нейрохирург дәрігері лауазымы белгіленеді, емделген науқастар саны нормативтен екі есе асқан жағдайда 1 нейрохирург дәрігер лауазымы белгіленеді.

4. Бейіндік бөлімшелер осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 3-қосымшаға сәйкес төсек саны аз болған кезде және параклиникалық бөлімшелерінің мамандарының жүктеме нормативін анықтау әдістемесіне қарай ұйымдастырылады.

5. Бөлімше меңгерушісінің лауазымы әр бөлімшеде кемінде 0,5 ставкадан белгіленеді. Егер емделген науқастардың нақты саны емделген науқастардың нормативінен екі есе асса, онда бөлімше меңгерушісінің тұтас лауазымы белгіленеді.

6. Бөлімшелердің аға мейірбикелерінің лауазымдары бөлімшелер меңгерушілерінің лауазымдарына сәйкес белгіленеді, ал диспансерлік бөлімшелер бойынша – осы бөлімшелердің тәртібімен және штат нормативтері бойынша белгіленеді.

7. Бөлімшелердің аға мейірбикелерінің лауазымдары бөлімшелер меңгерушілерінің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

8. Гипсті таңғыш қою жөніндегі мейірбикелер лауазымдары травматологиялық-ортопедиялық бейіндегі емделген 1000 науқасқа немесе сүйек-буын туберкулезімен ауыратын науқастарға 1 лауазым есебінен, бірақ 1 лауазымнан кем емес болып белгіленеді.

9. Токсикологиялық орталықтың менеджері-мейірбикесінің лауазымы токсикология бөлімшесіне ақпараттық-консультациялық жұмыс үшін белгіленеді.

10. Шұғыл химиялық-токсикологиялық диагностиканың зертханашылары мен фельдшер-зертханашыларының лауазымдары токсикология бөлімшесінің жанындағы тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

11. Емдәм мейірбикелерінің лауазымдары 150 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

12. Шаруа-бикесі лауазымы әрбір клиникалық бөлімшеде белгіленеді.

13. Емшара кабинеттері санитарларының лауазымдары осы кабинеттегі мейірбикелердің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

14. Дәкемен таңу кабинеттері санитарларының лауазымдары осы кабинеттердің мейірбикелерінің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

15. Гипс салу кабинеті санитарларының лауазымдары осы кабинеттердің мейірбикелерінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

16. Буфетші-санитарлар лауазымдары бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді. Күйік бөлімшелеріне көрсетілген 3 лауазым буфетші-санитарлар енгізіледі.

17. Ваннашы-санитарлар лауазымдары бөлімшеге (күйіктерден басқа) 1 лауазым есебінен белгіленеді. Күйік бөлімшелеріне көрсетілген 2 лауазым ваннашы-санитарлар енгізіледі.

18. Дәретханаларды жинаушылардың лауазымдары бөлімшеге 1 лауазым жинаушының есебінен белгіленеді.

19. Науқастарды таситын және ертіп жүретін санитарлардың лауазымы 100 төсек есебінен 1 лауазым белгіленеді.

§2. Қабылдау бөлімшелерінің штат нормативтері

20. Қабылдау бөлімшесінің дәрігерлер лауазымы ауруханадағы 400 және одан да көп төсекке - тәулік бойы жұмыс істейтін 1 постпен белгіленеді.

21. Қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі лауазымы ауруханадағы 200 және одан да көп төсекпен белгіленеді.

Аурухана құрамында 200 инфекциялық төсек пен қабылдау бөлімшесі болған жағдайында айтылған бөлімшенің меңгерушісі лауазымы қосымша белгіленеді.

22. Хирург, травматолог-ортопед, акушер-гинеколог, офтальмолог, уролог, токсикологиялық және басқа да мамандық бойынша тәулік бойы шұғыл көмек көрсету үшін хирург, травматолог-ортопед, акушер-гинеколог, офтальмолог, уролог, токсиколог және басқа да мамандық бойынша дәрігерлердің лауазымдары дәрігер лауазымының шамасынан тыс атқарылған жұмыстың көлеміне байланысты белгіленеді.

23. Қабылдау бөлімшесінің мейірбикесі лауазымы мынадай жағдайда белгіленеді:

100-200 төсекке 1 лауазым;

201-ден 400 төсекке дейін тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост;

400 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост және келесі әр 100 төсекке қосымша 1 лауазымы.

Аурухана құрамында 200 инфекциялық төсек пен қабылдау бөлімшесінің болған жағдайында жұқпалы ауруларды қабылдау үшін тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост белгіленеді.

24. Қабылдау бөлімшесінің аға мейірбикесі лауазымы 300 және одан да көп төсектік ауруханада белгіленеді.

25. Қабылдау бөлімшесінің санитарлар лауазымдары ауруханада мынадай жағдайда белгіленеді:

100-200 төсекке - 1 лауазым;

201-ден 400 төсекке дейін - тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост;

400 төсектен асса, 400 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост және келесі әр 100 төсекке қосымша 1 лауазым.

600 және одан да көп төсек саны бар ауруханаларда науқастардың заттарын қабылдау үшін қосымша 1 санитар лауазымы белгіленеді.

Ауруханада 200 инфекциялық төсекті және қабылдау бөлімшесі болған жағдайында инфекциялы науқастарға күтімін жасау үшін санитарлардың тәулік бойы жұмыс істейтін 1 посты белгіленеді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 10 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

26. Анықтама бюросы үшін медициналық тіркеуші лауазымдары ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§3.Операция бөлімшесінің штат нормативтері

27. Операциялық мейірбике лауазымдары 25 хирургиялық төсекке 1 лауазым (кардиохирургиялық, торакалды хирургиялық бөлімдер мен тамыр хирургиясы бөлімшелері үшін - 2 лауазым) есебінен белгіленеді.

28. Хирургиялық, травматологиялық-ортопедиялық, акушерия-гинекологиялық, офтальмологиялық, урологиялық, токсикологиялық және басқа да мамандандырылған медициналық көмектің шұғыл көмек көрсету үшін операция мейірбикелердің лауазымы қарастырылған мамандықтар бойынша дәрігерлердің лауазымына сәйкес белгіленеді.

29. Операция аға мейірбике лауазымы операциялық 3 мейірбике мен дәкелеу мейірбикелері жағдайында белгіленеді.

30. Операция санитарлары лауазымдары тиісінше операция мейірбикелері мен аға мейірбикелерді қоса алғанда лауазым белгіленеді.

§4. Анестезиология-реанимация бөлімшелерінің (тобының) штат нормативтері

31. Анестезиология-реанимация дәрігерлерінің лауазымдары 1 лауазым есебінен белгіленеді:

кардиохирургиялық, торакалды хирургиялық, туберкулез өкпе хирургиясы бөлімшелерінде - 25 төсекке;

ересектер үшін күйік және хирургиялық бөлімшелерде - 50 төсекке;

нейрохирургиялық, онкологиялық, микрохирургиялық бөлімшелерде - 75 төсекке;

хирургия бейініндегі ересектерге арналған басқа атаулардағы бөлімшелерде (гинекологиялық, бет-жақтық, отоларингологиялық, офтальмологиялық және басқа) – 100 төсекке;

балаларға арналған хирургия бөлімшесінде - 40 төсекке;

перзентханаларда әйелдер мен жаңа туған сәбилер үшін (оның ішінде басқа да медициналық ұйымдар ішінде) - 100 төсекке;

хирургия бейіні және басқа да бөлімшелерде балаларға 50 төсекке белгіленеді.

Тамыр хирургиясындағы науқастарды трансторакалды және трансабдоминалды емдеуге пайдаланатын төсектер торакалды хирургиялық бөлімшелердің төсектері ретінде есептеледі.

32. Стационарлық көмек көрсететін қалалық және облыстық денсаулық сақтау ұйымдарының хирургиялық бейінінен 75 төсек, ал орталық аудандық ауруханада, онкологиялық ауруханада және онкология диспансерінде хирургиялық бейін 50 төсек, анестезиология-реаниматология дәрігері лауазымы 1 лауазымнан кем емес белгіленеді.

33. Құрамында хирургия бейінінен 150-ден кем емес төсегі бар медициналық ұйымның анестезиология-реанимация бөлімшесінің штатында шұғыл көмек көрсету үшін анестезиолог-реаниматолог дәрігерлері үшін тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост белгіленеді. Шұғыл жәрдем көрсететін көпбейінді ауруханаларда әрбір ересектерге арналған 200 және балаларға арналған 150 хирургиялық төсекке анестезиолог-реаниматологтан қосымша тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост белгіленеді.

34. Анестезиолог-реаниматолог дәрігерлерінің тәулік бойы жұмыс істейтін бір пост мына медициналық ұйымдарда белгіленеді:

онкология диспансерлерінде - 250-375 төсекке;

инфекциялық ауруханаларда 400 және одан да көп төсекке немесе қалада бірнеше аурухана болған жағдайда инфекциялық ауруханалардың бірінде 400-ден кем түспейтін төсегі бар инфекциялық ауруханасының біреуіне 200 төсекке;

қаланың балалар инфекциялық ауруханасының бірінде 100 және одан да көп төсекке;

ережеге сәйкес жіті терапия және реанимация палаталары ұйымдастырылмайтын, бірақ балалар инфекциялық бөлімшесі бар қалалық немесе балалар қалалық ауруханасында қалада 150-ден кем емес инфекциялы балалар төсектері болған жағдайда. Көрсетілген төсектер санына балалар инфекциялық

ауруханалары мен жіті терапия және реанимация палаталары бар қала ауруханаларының 100 немесе одан да көп төсектері кірмейді;

терапевт және педиатриялық бейінді ауруханаларда, хирургия бөлімшесінің болуына қарамастан 250-375 төсекке;

перзентханаларда 100 және одан да көп төсекке.

35. Жіті терапия мен реанимация палаталарының жұмысын қамтамасыз ету үшін дәрігерлер лауазымының саны 6 төсекке – тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен, кардио-хирургия реанимация бөлімшесінің әр бір 3 төсегіне тәулік бойы жұмыс істейтін 1 посттан және жаңа туған сәбилер мен шала туған балалардың әрбір 4 төсегіне тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді;

36. Детоксикацияның экстракорпоралды әдісін қолданатын денсаулық сақтау ұйымдарында анестезиология және реанимация бөлімшелерінде экстракорпоралды детоксикациялық 3 төсекке реаниматолог-дәрігер 0,5 лауазым есебінен белгіленеді.

37. Ауруханада бөлімше және жіті терапия палатасы болмаған жағдайында хирургиялық төсек санына қарамастан 1 анестезиолог-реаниматолог дәрігер лауазымы енгізіледі.

38. Денсаулық сақтау ұйымдарында 12 және одан да көп анестезиолог-дәрігер лауазымына операция жасайтын бөлмелерде жұмыс істеуге 2 және одан да көп анестезиология және реанимация, оның ішінде мамандандырылған бөлімшелерді де (инфарктан кейін, кардиохирургиялық және т.б) ұйымдастыруға рұқсат етіледі.

39. Жіті терапия мен реанимация палаталарының жұмысын қамтамасыз ететін дәрігер-зертханашы лауазымы 6-12 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді .

40. Анестезиология-реаниматология бөлімшесінің меңгерушісі лауазымы бөлімшеде кемінде 3 анестезиолог-реаниматолог дәрігер лауазымы болған жағдайында мына тәртіпте белгіленеді:

лауазымдар саны 3-тен 6-ға дейін болғанда 0,5 лауазым орнына;

лауазымдар саны 6-дан астам болған жағдайда көрсетілген саннан жоғары;

Анестезиолог-реаниматолог дәрігерлердің лауазымы 3-тен кем белгіленген ұйымдарда анестезиология және реаниматология бойынша жұмыс жетекшілігі ұйым басшылығымен анестезиолог-реаниматолог дәрігерлердің біріне жүктеледі.

41. Жіті терапия мен реанимация бөлімшелері бар денсаулық сақтау ұйымдарында анестезист-мейірбике лауазымы әрбір анестезиолог- реаниматолог дәрігерге 1,5 лауазым есебінен белгіленеді.

42. Жіті терапия мен реанимация бөлімшелері жоқ денсаулық сақтау ұйымдарында анестезист-мейірбике лауазымы әрбір анестезиолог-реаниматолог дәрігерге 2 лауазым есебінен белгіленеді.

43. Күйік бөлімшесі бар денсаулық сақтау ұйымдарында қосымша 1 анестезист-мейірбике лауазымы белгіленеді.

44. Жіті терапия мен реанимация палаталарының жұмысын қамтамасыз ететін орта медициналық персонал лауазымдары:

мейірбикелер - 3 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді;

фельдшер-зертханашылар (зертханашылар) - 6-15 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

45. Мейірбикелер лауазымы 33-тармақта аталған анестезиолог-реаниматолог дәрігерлері лауазымына сәйкес белгіленеді.

46. Емшара мейірбике лауазымы бөлімшеде экстракорпоралдық детоксикация әдісін жүргізуге арналған 12 төсектен кем емес болмаған жағдайда, егер басқа топ қарастырылмаған болса.

47. Жараны таңушы мейірбике лауазымы медициналық ұйымда хирургиялық көмек көрсететін 150 бала мен 200 ересекке және одан көп төсек болған жағдайда белгіленеді.

48. Бөлімшенің аға мейірбикесі лауазымы әр бөлімшеде белгіленеді. Бөлімшеде жіті терапия мен реанимация палаталары болмаған жағдайында бұл лауазым 1 анестезист-мейірбике лауазымының орнына белгіленеді.

49. Науқастарды күтетін кіші мейірбике лауазымы ересектердің 6, балалардың 3 төсегіне – тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

50. Шаруа-бикесі лауазымы әр бөлімшеде белгіленеді.

51. Бөлімшедегі төсектер санына қарамай науқастарды тамақтандыру үшін қосымша кіші мейірбике лауазымын енгізуі мүмкін.

§5. Гемодиализ бөлімшесінің штат нормативтері ("жасанды бүйрек")

52. Гемодиализ бөлімшелерінің дәрігері лауазымдары белгіленген уақыт нормативі бойынша жұмыс көлеміне байланысты немесе 4 диализдік орынға 1 лауазым есебінен, бірақ диализ залына 1 лауазымнан кем болмауы тиіс.

53. Шұғыл көрсеткіштер бойынша кешкі және түнгі уақытта, демалыс және мейрам күндерінде гемодиализ өткізетін дәрігердің лауазымдары, жұмыстың көлеміне байланысты белгіленеді.

54. Күндізгі стационар дәрігері лауазымы 8 амбулаториялық науқасқа (төсекке) белгіленеді

55. Бөлімше меңгерушісі лауазымы диализдік орындардың саны 6-ға дейін 0,5 лауазымы, 6-дан астам - 1 лауазым белгіленеді.

56. Гемодиализ бөлімшесінің мейірбикесі лауазымдары 2 диализдік орынға-1 лауазым есебінен белгіленеді, бірақ диализдік залға 1 лауазымнан кем болмауы тиіс.

57. Гемодиализ бөлімшесінің емшара мейірбикесі лауазымы 6 диализдік орынға - 1 лауазым есебінен белгіленеді, бірақ диализдік залға 1 лауазымнан кем болмауы тиіс.

58. Шұғыл көрсеткіштер бойынша кешкі және түнгі уақытта, демалыс және мейрам күндерінде гемодиализ өткізетін мейірбике лауазымдары, көрсетілген мақсаттарға енгізілген дәрігерлердің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

59. Күндізгі стационар мейірбикесі лауазымы 16 амбулаториялық науқасқа (төсекке) белгіленеді.

60. Аға мейірбике лауазымы бөлімше меңгерушісінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

61. Емшара санитары лауазымы ауысымына 4 диализдік орынға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

62. Күндізгі стационарда еден сыпырушы санитарлар лауазымы 16 амбулаториялық науқасқа (төсекке) белгіленеді.

63. Электроншы-инженер лауазымы ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

64. Техник лауазымы ауысымына 1 лауазым есебінен, бірақ 1 лауазымнан кем емес белгіленеді

§6. Детоксикация бөлімшесінің штат нормативтері

65. Экстракорпоралды детоксикация бойынша дәрігер лауазымы 10 төсекке - 1 лауазым есебінен белгіленеді, бірақ 1 лауазымнан кем болмауы тиіс.

66. Хирург – дәрігер лауазымы 20 төсекке - 1 лауазым есебінен, бірақ 1 лауазымнан кем болмауы тиіс.

67. Аға мейірбике лауазымы бөлімше меңгерушісінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

68. Мейірбикелер (палаталық) лауазымдары 15 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

69. Операциялық және жара таңатын бөлімшенің мейірбике лауазымы 10 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

70. Шаруа-бикесі лауазымы әр бөлімшеде белгіленеді.

71. Операция, емшара және жара таңатын кабинеттердің санитарлар лауазымдары осы кабинеттердің мейірбике лауазымына сәйкес белгіленеді.

72. Буфетші-санитарлар лауазымы ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

73. Еден сыпырушы (палаталық) - санитар лауазымдары мейірбикелер (палаталық) лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

74. Ваннашы-санитарлар лауазымы 20 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§7. Гипербариялық оксигенация бөлімшесінің штат нормативтері

75. Гипербариялық оксигенация бөлімшесінің (бұдан әрі – ГОБ) дәрігері, кіші және орта медициналық персонал лауазымдары қолданысты ГОБ стационарлық және жылжымалы құрылғыларына тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

76. Бөлімше меңгерушісінің лауазымы бөлімшенің дәрігерлері лауазымдарының үстінен 2 және одан да көп ГОБ құрылғылары болған жағдайында белгіленеді.

77. Аға мейірбике лауазымы бөлім меңгерушісінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

78. Инженерлік-техникалық персоналының лауазымы мен ГОБ құрылғыларына техникалық қызмет көрсету техникалық құжаттары бойынша белгіленеді.

79. Жүргізушілер лауазымы ГОБ жылжымалы құрылғыларына тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

§7-1. Диагностика мен емдеудің рентгенохирургиялық әдістері бөлімшесінің штат нормативтері

Ескерту. 7-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 10 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

79-1. Диагностика мен емдеудің рентгенохирургиялық әдістері бөлімшесінде (топтарында) бөлімше меңгерушісінің 1 лауазымы, аға мейірбикесінің 1 лауазымы, шаруа-бикесінің 1 лауазымы, маман дәрігерлердің 1 посты, анестезиолог-реаниматолог дәрігерлердің 1 посты,

рентген-зертханашылардың 1 посты, анестезист мейірбикелердің 1 посты, санитарлардың 1 посты белгіленеді.

§8. Трансфузиология бөлімшесінің (кабинетінің) штат нормативтері

Ескерту. 8-параграф жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

80. Персоналдың лауазымы осы Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтеріне 4-қосымшаға сәйкес медициналық ұйымдарда жүзеге асырылатын жылдық қан компоненттерінің транзфузиясы (құю) мөлшерінен белгіленеді.

81. Трансфузиология бөлімшесі (кабинеті) қан компоненттерін пайдаланатын барлық медициналық ұйымдарда ұйымдастырылады.

81-1. Трансфузиология бөлімшесі (кабинетінің) штат бірлігінің саны қан және оның компоненттеріне аутологиялық дайындауды енгізу және реңфузия жүргізу есебінен ұлғаюы мүмкін. Аутоқанның және оның компоненттерінің бір жыл ішінде дайындалған әрбір 100 дозасына қосымша 1 трансфузиолог-дәрігер, мейірбике, кіші медицина қызметкер лауазымы енгізіледі.

§9. Параклиникалық бөлімшелердің штат нормативтері

82. Параклиникалық бөлімше мамандарының лауазымдары атқарылатын жұмыстың көлемі және қызметтер тарифаторы бойынша қолданыстағы уақыттың есеп мөлшеріне сай тиісті медициналық құрылғылар мен техника бар болғанда белгіленеді, бірақ Денсаулық сақтау ұйымдарының осы штаттық нормативтері мен үлгі штаттарына 5-қосымшаға сәйкес стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары үшін ауысымда 1 лауазымнан кем емес болу керек.

83. Қажетті мамандар санын есептеген кезде қаладағы медицина ұйымдарына жұмыс уақытын қолдану коэффициенті 0,85 және ауылдарға 0,75 екенін ескеру қажет.

84. Меңгерушінің лауазымы параклиника бөлімшесі дәрігерінің бір лауазымының орнына белгіленеді.

85. Аға фельдшердің лауазымы (мейірбикенің, зертханашының) меңгерушінің лауазымына тиісінше бір фельдшердің лауазымының орнына белгіленеді.

§10. Сәулелік диагностика бөлімшесінің штат нормативтері

86. Рентген-зертханашылардың лауазымдары дәрігер-рентгенологтардың лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

87. Рентген мұрағатына (компьютерлік рентген мұрағаты) үшін медициналық тіркеушілердің лауазымы стационарлар үшін ауысымға бір лауазым және емханаға бір лауазым есебінен белгіленеді.

88. Рентген бөлімшесі (кабинет) санитарларының лауазымдары дәрігерлердің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

89. Рентгенолог-дәрігердің лауазымы кеуде қуысының органдарын профилактикалық флюорографиялық тексеру үшін бекітілген 60 мың тұрғынға бір лауазым есебінен белгіленеді.

90. Рентген-зертханашыларының лауазымы кеуде қуысының органдарын профилактикалық флюорографиялық тексеру үшін бекітілген 30 мың тұрғынға бір лауазым есебінен белгіленеді.

91. Медициналық тіркеушілердің лауазымы 30 мың тұрғынға бір лауазым есебінен белгіленеді. 15 мың адам тұрғыны бар аудандарда рентген-зертханашылардың лауазымы 0,5 лауазымы қарастырылады.

Тұрғыны 15 мың адамнан аз аудандарда флюорографиялық кабинеттердің штаты ауданның рентгенологиялық лауазымдардың ортақ лауазымдарының есебінен істелуі керек.

92. Жылжымалы құрылғыларда бір рентгенолог-дәрігер, бір рентген-зертханашы, бір жүргізуші штаттары қарастырылған.

93. Компьютерлік томография бойынша рентген-зертханашылардың лауазымы ауысымда 2 рентген-зертханашы лауазымы есебінен белгіленеді.

94. Емшара мейірбикесі лауазымы ауысымда бір кабинетке 0,5 қызмет орны есебінен белгіленеді.

95. Компьютерлік томография кабинеті санитарларының лауазымы бір ауысымда бір компьютерлік томография кабинетіне 0,5 лауазым есебінен белгіленеді.

96. Компьютерлік томография жөніндегі инженерлердің лауазымы ауысымда екі немесе одан да көп құрылғыларға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

97. Анестезиолог мейірбикенің лауазымы анестезиолог дәрігер лауазымына сәйкес белгіленеді.

98. Күрделі ангиографикалық және рентгено-теледидарлық құрылғылармен инженер-маман қызмет көрсетеді: инженердің 1 лауазымы 2 және одан да артық құрылғыларға белгіленеді.

99. Рентгенхирургиялық емдік әрекеттер аптасына 4 реттен артық болмау керек.

100. Есептік мөлшерге зерттеуге немесе емдік кірісулерге алдын-ала жұмыстарын өткізу уақыты қосылған.

Алынған ақпаратты талдау үшін және белгіленген медициналық құжатты енгізу үшін бір зерттеуге қосымша уақыт - 30 минут.

§11. Ультрадыбыстық диагностикалық бөлімшесінің штат нормативтері

101. Мейірбике лауазымы ультрадыбыстық диагностика дәрігерінің лауазымына сәйкес, меңгеруші лауазымы қоса бекітіледі.

102. Санитарлардың лауазымдары 0,5 ультрадыбыстық диагностика дәрігерінің 1 лауазымы есебінен меңгеруші қызметі қоса алғанда белгіленеді, бірақ 1 лауазымнан кем емес.

103. Сәулелі диагностикалық бөлімшелерінің (кабинеттері) аппаратурасын инженерлік аппараттармен қамтамасыз ету қызметкерлер құрамы денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысшылары және қызметші мамандары басшылар штаттарына сәйкес жүргізеді.

§12. Радиоизотоптық диагностика зертханаларының штат нормативтері

104. Уақытты есептеу ережелері өзінің құрамына зерттеуді өткізу уақытын, даярланған қорытынды жұмысты, құжатнамаларды және басқа шаралар өткізуді, оның ішінде компьютерде ақпаратты өңдеуге уақыт енгізіледі.

105. Компьютерде ақпараттарды талдау, гамма - камерада жүргізілген зерттеулер, дәрігер-радиологтарға арналған қайта қаралған ережелерге сәйкес уақыт 25% қысқарады.

Радиоизотоптық диагностика зертханаларындағы радиодиагностикалық инженерлік жабдықтау радиологиялық бөлімнің қызметкерлермен жүргізіледі.

106. Санитарлар лауазымдары радиолог-дәрігердің 1 лауазымына сәйкес жобаланған 0,5 есебімен белгіленеді, бірақ 1 лауазымнан кем болмауы тиіс.

§13. Клиникалық-диагностикалық зертхананың штат нормативтері

107. Зертхана санитарларының лауазымы 1 лауазым есебінен 4 дәрігер-зертханашы, фельдшер-зертханашылар және зертханашылар лауазымына белгіленеді. Зертхана штатында, жұмыс көлеміне байланысты қосымша санитардың лауазымдары белгіленеді.

§14. Иммунологиялық және серологиялық зертханалардың штат нормативтері

108. Дәрігер-зертханашылардың лауазымдары, жұмыс күніне әрбір 150 зерттелетін сарысуға бір лауазым белгіленеді. Зертханаға бір лауазымнан аспауы тиіс.

109. Зертханашылар лауазымы жұмыс күніне әрбір 75 сарысуды зерттеуге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

110. Клиникалық-диагностикалық зертхана құрамындағы иммунологиялық және серологиялық зертхана қызметкерлерінің лауазымы зерттеулерді жүргізу уақыты нормативтеріне сүйене отырып түзетіледі.

Бригадаға берілген зерттеу жұмыстарын жүзеге асырудың нормативі төмендегідей: 1 дәрігерден, 3 зертханашыдан, (олардың біреуі тіркеу, қабылдау және биоматериалдарды өңдеуді жүргізеді) және бір санитардан құралады және олардың әрбір жұмыс күніне 180 сериялы зерттеу немесе 90 сериялы және 30 бірлік зерттеулерден тұрады.

§15. Бактериологиялық зертханалардың штат нормативтері

111. Диагностикалық-емхана зертханаларының құрамындағы бактериологиялық зертхана қызметкерлерінің лауазымдары жұмыс көлемінен және қызмет тарификаторы бойынша орындалатын зерттеу уақытынан тыс құрастырылады. Қызметкерлердің уақыт нормативі болмағанда атқарылатын қызметтері (1-бактериолог дәрігер, 2 фельдшер, 1 санитар-өздігінен құрылғыларды дайындау үшін және 1 санитар-тазалаушы) жылына 3334 сараптамаға бір бригада есебінен құралады.

§ 16. Цитологиялық зертханалардың штат нормативтері

112. Клиникалық цитологияның диагностикалық жұмысының қатарына стационар бөлімдеріндегі, емханадағы қаралу кабинеттеріндегі, көпшілікті профилактикалық және диагностикалық қарау кезінде морфологиялық диагнозды қоюын бақылау сияқты цитологиялық зерттеулердің түрлері жатады.

113. Зерттеу жүргізуге арналған ережелер болмаған жағдайда (қызмет тарификаторы бойынша) мына ережелер құрылады:

1) профилактикалық бақылау кезінде жылына 40000 цитологиялық зерттеу жүргізетін дәрігерлердің, цитотехниктердің және санитарлардың лауазымдары 1 дәрігер, 3 цитотехник және 1 санитардың есебінен құралады;

2) диагностикалық зерттеуге нормативтер бригадаға бір жылда жүргізген 400 зерттеу есебінен құрастырылады. Олар: 1 дәрігер; дәрігер лауазымы, 1 цитотехникалық және 1 санитар лауазымы;

3) гормоналды зерттеулерге нормативтер (вагинальды мазка бойынша гормональді кәсіптің анықтамасы, жыныстық хроматинді зерттеу) 1 дәрігер, 1 цитотехниктен, 1 санитардан құралған бригаданың жылына 2500 зерттеулерінің есебінен белгіленеді;

4) егер цитолог дәрігер материалды жинақтау жұмыстарын жүргізсе, онда оның жүктемесі күніне 10 бөлімнен құралса, ставкаға жылына 2500 зерттеуді құрайды;

5) цитологиялық зертхана жүктемесі көбейгенде қызмет көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының ставкасы есебінен көбейеді;

6) цитологиялық зертханалардың штатында 6 және одан да көп дәрігерлер және цитотехник қызметкерлері болса, зертхана меңгерушісі дәрігердің жұмысын орындаудан 0,5 ставкаға босатылады,

12 және одан да көп лауазымдар дәрігерлер жұмысының тікелей техникалық орындауына толығымен босатылады;

7) цитологиялық зертхана жұмысының көлемін, сипатын, құрылымын ескере отырып, штатта 15 дәрігерден кем емес, зертханашылар, санитарлар, бар лауазымдарда босатылған аға зертханашы, медициналық тіркеуші, шаруа-бикелері болуы қажет;

8) цитологиялық зертханаларда арнайы электрондық жабдықтар (электронды есептеуіш машина, электронды жабдығы бар күрделі оптикалық аспаптар – микроскоп) олардың штат кестесіне инженер лауазымы енеді.

§17. Эндоскопия бөлімшесінің штат нормативтері

114. Эндоскопиялық операциялар жасау үшін мынадай нормативтер белгіленеді:

Жамбас қуыстарының мүшелеріне операция жасау 210 минут (гемиколэктомия, асқазан резекциясы, гастрэктомияны қоспағанда);

гемиколэктомия, асқазан резекциясы, гастрэктомияға операция жасауға 360 минут;

кеуде қуысы мүшелеріне операция жасауға 360 минут;

кіші жамбас мүшелеріне операция жасауға 210 минут;

ішперде астындағы кеңістікке операция жасауға 210 минут;

көкірек ортаға операцияларға 210 минут;

бассүйекке операция жасауға 210 минут.

Эндоскопиялық операциялар жасауға уақытының нормалар есебі- хирургиялық әрекет мәліметтерін орындайтын эндоскопист дәрігерлеріне арналған.

115. Мейірбикелер лауазымдары - эндоскопиялық бөлімшесінің меңгерушісі лауазымын қоса алғанда, эндоскопист дәрігерлері лауазымына сәйкес белгіленеді.

116. Санитарлардың лауазымдары - эндоскопиялық бөлімшесінің меңгерушісі лауазымын қоса алғанда, эндоскопист дәрігерлерінің 1 лауазымынан 0,5 лауазым белгіленеді, бірақ 1-ден артық емес.

§18. Физиотерапия және емдік дене тәрбиесі бөлімшелерінің штат нормативтері

117. Физиотерапия жөніндегі мейірбикелер лауазымдары жылына 10 мың шартты физиотерапиялық бірлік есебінен 1 лауазым белгіленеді.

118. Массаж жасау жөніндегі мейірбикелер лауазымы массаж жасаудың қолданыстағы нормативтерінен физиотерапиялық бөлімшенің (бөлменің) штатында белгіленеді.

119. Емдік дене тәрбиесі жөніндегі инструкторлардың лауазымы 150 төсек есебінен 1 лауазым және қосымша 1 лауазым полиомиелитпен науқастарына әрбір 20 төсекке, әрбір ортопедиялық, травматологиялық, неврологиялық, туберкулез бөлімшелеріне сүйек-буын туберкулез науқастарына 0,5 -1 лауазым белгіленеді.

120. Физиотерапиялық бөлімшелердің (бөлмелердің) санитарлары лауазымы физиотерапия жөніндегі мейірбикелер, ЕДТ инструкторлары мен массаж жасаушылардың 2 лауазымына 1 лауазым есебінен белгіленеді және су-балшық-торф-озокерит-парафинмен емдеу кезінде, көрсетілген емшараларды жіберумен айналысатын 1 мейірбике лауазымы белгіленеді.

121. Шартты физиотерапиялық бірлік үшін оны орындауға және әзірлеуге 8 минут қажет етілетін жұмыс қабылданған.

Бір науқастың денесінің әр бөлігінде процедура жүргізу кезінде бір қатысу үшін олардың әрбірінен өз еркімен шартты бірліктерден есептелінеді, егер бұл процедуралар бір мезгілде өткізілмесе.

122. 1 массажды бірлік үшін 10 минуттық жұмыс қабылданады (әзірлеу-қорытындылау уақытын ескере отырып, құжаттамалауды енгізудің қажеттілігі және қажет етілген емделуге уақыты және қысқа мерзімді демалыс).

Науқас денесінің шектес анатоми-топографиялық бөліктерінде массаж жасау кезінде екінші және әрбір кезекті анатоми-топографиялық бөліктері осы нормативтерде қаралғанмен салыстарғанда 20% қысқарады. Дененің шектес болып табылмайтын анатоми-топографиялық бөліктерінде массаж жасау кезінде, емшаралардың әрбірі өз еркімен есепке алынады.

Бөлмеден тыс массаж емшараларын орындауға арналған уақытқа өту (бару) массажды бірліктерде іс жүзінде шығыстар бойынша есепке алынады.

§19. Функциялық диагностика бөлімшесінің (кабинеттің) қызмет құрамының штат нормативтері

123. Функциялық диагностика кабинеттерінің медбикелер лауазымдары функциялық диагностика кабинеті дәрігерлерінің лауазымдарына сәйкес белгіленеді бірақ, көрсетілген кабинеттің 1 лауазымнан кем болмауға тиіс.

124. Бөлімшелердегі (кабинеттің) санитарлар лауазымдары функциялық диагностика дәрігерлерінің лауазымдарына сәйкес белгіленеді бірақ, көрсетілген кабинеттің 1 лауазымынан кем болмауға тиіс.

125. Функциялық диагностика бөлімшесі (кабинеті) дәрігерлері мен медбикелерінің жұмыс жүктемесі есеп нормасы 33 шартты бірлік 6,5 сағат жұмыс күнімен (1 бірлік - 10 минут) деп есептелінеді.

§20. Патологиялық-анатомиялық бөлімшенің штат нормативтері

126. Зертханашылар лауазымдары патологоанатом-дәрігер әр лауазымына 1,5 лауазымы есебінен белгіленеді.

127. Гистологиялық зертхана санитарларының лауазымы патологоанатом-дәрігері әр лауазымының 1 лауазымы есебінен белгіленеді, бірақ бөлімшеде бір лауазымнан кем емес болуы тиісті.

128. Мәйітхана санитарлары лауазымдары әрбір патологоанатом-дәрігер лауазымына 1 лауазым белгіленеді, бірақ бөлімшеде бір лауазымнан кем емес болмауға тиісті.

129. Басқа медициналық ұйымдарда қайтыс болған науқастарды тәулік ішінде қабылдау қажеттіліктері болған жағдайда көрсетілген жұмыстармен қамтамасыз ету үшін жалпы белгіленген демалыс және мереке күндеріне, кешкі және түнгі уақыттарға қосымша санитарлар лауазымы белгіленеді.

§21. Денсаулық сақтау ұйымдары дәріханаларының штат нормативтері

130. Денсаулық сақтау ұйымдары дәріханаларының қызметкерлер лауазымдары 100 және одан да көп төсекке белгіленеді.

131. Дәріхана меңгерушісі-провизор лауазымы әрбір аурухананың дәріханасында белгіленеді (аурухананың бөлімше меңгерушісі ретінде).

132. Дәріхана меңгерушінің орынбасары - провизор лауазымы 400 және одан да көп төсегі бар ауруханалардың дәріханаларында белгіленеді (аурухананың бөлімше меңгерушісі орынбасары ретінде).

133. Провизор – технолог лауазымына:

200 төсектік аурухана дәріханаларында -1 лауазым;

аурухана дәріханаларында 200-ден астам төсекке, қосымша әрбір 100 төсекке - 1 лауазым;

аурухана дәріханаларында 500 төсекке және одан көп, әрбір 100 төсекке - 0,5 лауазым белгіленеді.

134. Ауруханалардың дәріханаларында провизор-талдаушылардың лауазымдары:

100-ден 200 төсекке - 0,5 лауазым;

200-ден 500 төсекке - 1 лауазым;

500-ден көп болса – қосымша 0,5 лауазым әр 200 төсекке белгіленеді бірақ, 2-ден кем болмауы керек.

135. Ауруханалардың дәріханаларында фармацевт лауазымдары:

әрбір 200 төсекке 1 лауазым;

әрбір 100 төсекке қосымша 1 лауазым (ауруханаларда 200-ден 500 төсекке дейін);

әрбір 100 төсекке қосымша 0,5 лауазым белгіленеді (ауруханаларда 500 төсектен астам).

136. Ауруханалардағы дәріханаларда буып-түюші лауазымдары:

әрбір 200 төсекке 1 лауазым;

әрбір 100 төсекке қосымша 0,5 лауазым (200-ден көп).

137. Санитарлар лауазымы провизор-технологтардың және фармацевттердің жалпы штатынан 40%-нан белгіленеді бірақ 1 лауазымнан кем емес.

138. Жұмысшы лауазымы әр аурухананың дәріханасында белгіленеді.

139. Үй-жай тазалаушы лауазымы әр аурухананың дәріханасында белгіленеді.

140. Штатында провизор-технологтар және фармацевттері жоқ аурухана дәріханаларында төсек санының аздығына байланысты олардың міндетін дәріхана меңгерушісі атқарады.

141. Егер аурухана шаруашылық есепті 200 немесе одан да көп төсектік аурухана штатындағы аурухана аралық дәріханамен қызмет көрсетсе, 1 провизор-технолог немесе фармацевт лауазымы белгіленеді.

142. Жұқпалы ауруханалардың дәріханаларында санитар-жуушы лауазымы 200 төсекке 1 лауазым белгіленеді.

§22. Шұғыл және жоспарлы консультациялық көмек көрсету (санитариялық авиацияның) бөлімшесінің штат нормативтері

Ескерту. 22-параграфтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 10 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

143. Шұғыл және жоспарлы консультациялық көмек бөлімшесі (санитариялық авиация) қызметкерлерінің лауазымдары мынадай штат нормативтері бойынша белгіленеді:

- 1) бөлімше меңгерушісі – терапевт-дәрігер – 1 лауазым;
- 2) шығу бригадасының дәрігерлері 100 мың адамға есептегенде 0,8 лауазым (жиынтық);
- 3) аға фельдшер – 1 лауазым;
- 4) фельдшер-диспетчер – 5,135 лауазым;
- 5) шығу бригадасының фельдшері – 100 мың адамға есептегенде 0,8 лауазым (жиынтық);
- 6) шығу бригадасының санитары – 100 мың адамға есептегенде 0,8 лауазым (жиынтық);
- 7) санитар – 2 лауазым;

8) медициналық аппаратурамен қызмет көрсету жөніндегі медициналық техник (инженер) – 1 лауазым

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 10 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§23. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлімдер мен медициналық статистика кабинеттерінің штат нормативтері

144. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлім персоналының лауазымдары халық санына байланысты мынадай нормативтер бойынша 1 миллион адамға дейінгі есептен әдіскер-дәрігердің 2 лауазымы, фельдшердің 2 лауазымы, 1 миллионнан астам адамға - әдіскер-дәрігердің 3 лауазымы, фельдшердің 3 лауазымы, 1,5 миллионнан астам адамға - әдіскер-дәрігердің 3,5 лауазымы, фельдшердің 3,5 лауазымы белгіленеді.

§24. Медициналық статистика кабинеті

145. Медициналық статистик лауазымы күніне 36-50 емделіп шыққан науқасқа, стационарға 1 лауазымнан кем емес белгіленеді.

146. Дәрігер-статист лауазымы медициналық статисттің 2 лауазымына, бірақ бір лауазымнан кем емес белгіленеді.

147. Медициналық статистика бөлмесінің меңгерушісі лауазымы әр стационарда белгіленеді.

§25. Балаларға арналған медициналық ұйымдардың педагогикалық қызметкерлері

148. Тәрбиешілердің лауазымы 1 лауазым есебінен белгіленеді:

туберкулезге қарсы бөлімдерге, мамандандырылған санаторийлік-сауықтыру және оңалту ұйымдарында (орталықтарда) мектеп және мектеп жасына дейінгі 40 балаға;

сүйек-буын туберкулезімен ауыратын науқастарға арналған туберкулезге қарсы бөлімшелерде 25 мектеп жасына дейінгі балаға.

Мұғалімдердің лауазымдары туберкулезге қарсы ауруханалар (диспансерлер) штатында, мамандандырылған санаторийлік-сауықтыру және оңалту ұйымдарында (орталықтарда) сыныптар саны және оқу жоспарларына байланысты белгіленеді.

Сыныптарда 4-тен кем емес және 20 оқушыдан аспайтын болып қаралу керек. Іріктелген сыныптарды толықтыру үшін оқушы балаларының контингенттері жетіспесе, оқушыларға арналған топтық сабақтар ұйымдастыруға болады.

149. Мұғалімдердің лауазымдары оқу жоспары және туберкулез балалар науқастарына сыныптар санынан туберкулезге қарсы ауруханалар штатында бекітіледі, балаларға арналған сыныптардың санына, туберкулезбен ауырғандардың және оқу жоспарына байланысты болады. Сыныптарда 4 кем емес және 20 оқушыдан артық болмау қажет деп ескеріледі. Сыныптарды толықтыру үшін туберкулезге шалдыққан балалардың контингенттері жетіспесе, оқушыларға арналған топтық сабақтарды ұйымдастыруға болады.

150. Оқу бөлімінің меңгерушісі лауазымы 1 лауазым есебінен белгіленеді.

151. 200 төсектік ауруханада 1 психолог лауазымы белгіленеді.

152. Логопедтер лауазымдары логопед кабинеттерінің қолданыстағы нормативтері бойынша белгіленеді.

§26. Өзге лауазымдар

153. Бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымы 250 және одан да көп төсегі бар ауруханада белгіленеді.

154. Бас дәрігердің акушерия-гинекологиялық көмек жөніндегі орынбасары лауазымы 200-ден көп акушериялық және гинекологиялық төсегі бар ауруханада белгіленеді.

155. Бас дәрігердің хирургиялық көмек жөніндегі орынбасары хирургиялық бейіні 200 төсектен кем емес ауруханада белгілене алады.

Сонысына қарамастан акушериялық және гинекологиялық төсектер өзіне бас дәрігердің хирургиялық цикл керуеттерінде қосады, бұл уақытта егер аурухана штатында акушериялық-гинекологиялық көмек жөніндегі орынбасары лауазымы белгіленбеген жағдайда.

156. Бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары лауазымы стационарға 1 бірлік белгіленеді (аурухана, клиника, диспансер).

157. Бас мейірбике немесе басшының мейірбикелік жұмыс жөніндегі орынбасарының лауазымы әр ауруханада белгіленеді.

158. Мұрағат тіркеушісі лауазымы 200 төсекке 1 лауазым, стационарда 1 кем емес лауазым белгіленеді (аурухана, клиника, диспансер).

2-тарау. Перзентханалардың, әйелдер консультациялары және перинаталдық орталықтардың штат нормативтері

159. Жалпы ауруханалық персонал, клиникалық бөлімшелер, анестезиология-реанимация бөлімшелері, клиника-диагностикалық зертханаларда, сәулелі диагностика, физиотерапия және емдік дене тәрбиесі, функциялық диагностикалар, қан кабинетінің, медициналық статистика және басқа қызметтер лауазымдары тәулік бойы жұмыс істейтін стационарлардың бөлімшелердің және көп бейінді емханалардың қолданыстағы штаттық нормативтеріне сәйкес белгіленеді.

160. Барлық халықтың тұрғылықты жеріне және жұмыс орыны (оқу орнына) бойынша амбулаториялық көмек көрсету үшін акушер-гинеколог дәрігерлері лауазымдары ересектер 6000 адамға, оның құрамына 55% астам әйелдер болса, 15 жастан жоғары 3300 әйелге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

161. Педиатр-неонатолог дәрігерлердің лауазымдары қосымша салмағы 1000 грамнан аз емес шала туылған баларға 4 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

162. Терапевт дәрігерлер қосымша 1 лауазым есебінен белгіленеді.

163. Фтизиатр-дәрігерлердің лауазымдары жүкті әйелдер, жас босанған әйелдерге және жаңа босанған әйелдерге, туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

164. Жүкті әйелдерге амбулаториялық көмек көрсету үшін стоматолог-дәрігері лауазымдары әйелдер консультациясына қызмет көрсету аумағында тұратын 160 мың ересекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

165. Әйелдер консультациясының меңгерушісі акушер-гинеколог дәрігерінің (бөлім меңгерушісі ретінде) лауазымы:

акушер-гинеколог дәрігерлер лауазымының тиісті санына қарай олардың біреуінің орнына 3 кем емес;

акушер-гинеколог дәрігерлері лауазымының тиісті санына 3-тен 6-ға дейін 0,5 меңгеруші лауазымы белгіленеді.

акушер-гинеколог дәрігерлері лауазымының тиісті санына қарай 6-дан көбірек бұл лауазымдардан жоғары белгіленеді.

166. Акушердің лауазымдары:

перзентхананың қабылдау бөлімшесіне – тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост;

босандыру бөлімшесінде - 40 акушериялық физиологиялық және жүктілік патологиясы төсегіне тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен, бірақ тәулік бойы жұмыс істейтін 1 посттан кем емес ;

акушериялық физиологиялық бөлімшелерде (палаталарда) – 30 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен;

жүктілік патологиясы бөлімшелерінде (палаталарда) - 20 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост және 40 төсекке 1 емшара мейірбикесі лауазымы;

жүкті әйелдер (палаталарда), жас босанған әйелдер және жаңа босанған әйелдер, туберкулезбен науқастарды бөлімшелерде – осы мақсаттарға көзделген 15 акушериялық төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост;

әйелдер консультацияларында акушер-гинеколог дәрігерлерінің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

167. Мейірбикелер лауазымдары:

жаңа туғандарға акушериялық бөлімшелердегі (палаталарға) қызмет көрсету үшін аталған бөлімшелерде 15 төсекке – тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен;

жаңа туған акушериялық обсервациялық бөлімге қызмет көрсету үшін, көрсетілген бөлімдерге (палата) 10 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост, "Ана мен бала" бөлімшесіндегі 15 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді;

салмағы 1000 граммнан аз, шала және жаңа туғандарға қызмет ету үшін аталған балаларға 4 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен. Қажет болған жағдайда шала туған және жаңа туған балаларды күтуге жеке пост ұйымдастырылады;

аналардан жаңа туғандарға, туберкулез науқастарына (перзентхана құрамда арнайы бөлім немесе палаталарда, жүктілерге арналған, жас босанған әйелдерге және жаңа босанған әйелдерге, туберкулез науқастары үшін) аталған бөлімшелерге (палата) қызмет етуге арналған 15 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен;

кеуде емізу қағидаларына оқыту үшін 60 босанғаннан кейінгі төсектер бар болғанда - 1 лауазым;

босанғаннан кейінгі 60-тан артық төсекке – 1 лауазым және қосымша 0,5 лауазым әр келесі 40 төсекке (60-тан жоғары);

гинекологиялық бөлімшелердегі таңу жұмыстары үшін 1 лауазым перзентхана болғанда 20 төсектен кем емес хирургиялық көмекке мұқтаж гинекологиялық аурулар үшін 1 лауазым;

әйелдерді емдеуге жатқызу мақсатымен түсікті жасанды әдістермен түсіру жұмыстарына арналған 25-тен кем емес гинекологиялық төсегі бар перзентхана үшін 1 лауазым.

168. Перзентханалардың операциялық мейірбике лауазымына:

60-80 төсекке – тәулік бой жұмыс істейтін 1 пост;

80-105 төсекке – тәулік бой жұмыс істейтін 2 пост;

110-130 төсекке – тәулік бой жұмыс істейтін 3 пост белгіленеді.

169. Аға акушерлер лауазымына:

барлық бейіндердің акушерия бөлімшелерінде аталған бөлімшелердің меңгерушісі лауазымына сәйкес белгіленеді.

босандыру бөлімшесіне – 1 лауазым;

консультацияға амбулаториялық қабылдаудың акушер-гинеколог дәрігерлерді 5-тен кем болмаған жағдайда әйелдер консультациясына 1 лауазым.

170. Аға операциялық мейірбикелердің лауазымы, 3-тен кем емес операциялық мейірбике және таңушы мейірбикенің лауазымдары көзделетін жағдайда перзентхана штатында белгіленеді.

171. Стационар бөлімшенің аға мейірбикелері лауазымы гинекологиялық бөлімше және жаңа туған балалар бөлімінің меңгерушісі лауазымына сәйкес белгіленеді.

172. Перзентхананың бас акушер лауазымы мекемеде 30 және одан көп төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

173. Санитарлар лауазымдары (кіші медициналық мейірбикелер) тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен:

қабылдау бөлімшесіне;

босандыру бөлімшелерінің (палата), барлық бейінді акушерлік бөлімшелердің туғаннан кейінгі палаталарының (палата), жүктілік патология бөлімшесінің (палаталар) әр бір тәулік бойы жұмыс істейтін постыларына;

100 төсекке дейінгі перзентханаларда 40 жаңа туғанға (төсек);

100 және көбірек төсекті перзентханаларда 30 жаңа туғандарға (төсек);

30 төсектік гинекологиялық бөлімшеге (палата) белгіленеді.

174. Санитарлардың лауазымдары:

операциялық және таңу жұмыстарына операциялық мейірбикелер және таңушы мейірбикелер лауазымдарына сәйкес, аға операциялық мейірбике лауазымын қоса алғанда;

перзентханаларға келушілерге қызмет көрсету үшін 80-115 төсекке 1 лауазым;.

120-145 төсекке - 2 лауазым;

150 және одан көп төсекке - 3 лауазым;

әйелдер консультациясына амбулаториялық қабылдауға дәрігерлерінің 3 лауазымына 1 лауазым есебінен.

175. Санитар-буфетші лауазымдары бөлімшеде ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

176. Санитар-сыпырушы лауазымдары әр акушериялық және гинекологиялық бөлімшелерге 1 лауазым, ал бөлімшелерде 40 төсектен көп болса бөлімшеге 2 лауазым белгіленеді.

177. Шаруа-бикесі лауазымдары:

акушериялық, гинекологиялық және балалар бөлімдерінде 1 лауазым;

әйелдер консультациясына штатында акушерлер-гинеколог дәрігерлердің саны кемінде 6 лауазымы болған жағдайда белгіленеді.

178. Педагог-психолог лауазымы перзентханадағы керуеттің қуаттылығына қарамастан белгіленеді.

179. Дәріханалар персоналының лауазымдары медициналық ұйымдар дәріханаларының штат нормативтері бойынша белгіленеді.

3-тарау. Хоспис қызметкерлерінің штат нормативтері

180. 400 мың халыққа 30 төсек есебінен хоспис ұйымдастырылады. Хоспис төсек қорының үйлесімді мөлшері 15-45 төсек.

181. Диспансердегі дәрігерлік бөлімше (палата) дәрігерінің лауазымдары 1 лауазым есебінен мына төсек санына белгіленеді:

терапевт дәрігер: 1 лауазым - 15 төсекке;

онколог дәрігер: 1 лауазым - 30 төсекке;

психотерапевт дәрігер: 1 лауазым - ұйымдастырушылыққа.

182. Үйдегі көмекке қызмет ету үшін шығу бригадаларынан құрылған (шығу бригадалары) көшпелі бөлімшелері ұйымдастырылады. Бригадалардың саны қолданыстағы жұмыс көлемімен анықталады. Көшпелі бөлімшелер дәрігерлерінің лауазымдары бригадаға мына есеппен белгіленеді:

терапевт дәрігер 1 лауазым;

онколог дәрігер 1 лауазым;

183. Стационарлық бөлімше меңгерушісінің лауазымы төсек саны 30-дан астам болған жағдайда белгіленеді.

184. Көшпелі бөлімшенің меңгерушісі лауазымы бригада дәрігері 1 лауазымының орнына белгіленеді.

185. Бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымы әрбір хосписте белгіленеді.

186. Мейірбикелердің (палаталардағы) лауазымы 5 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост және коматозды науқастар үшін 2-3 аполикалық төсекке қосымша 1 пост белгіленеді.

187. Емшара мейірбикелері лауазымдары әр бөлімшеге 1 лауазым және 2 жылжымалы бригадасына (үйдегі хосписке) 2 лауазым белгіленеді.

188. Таңушы мейірбикелердің лауазымы әр бөлімшеде белгіленеді.

189. Бөлімшенің аға мейірбике лауазымы бөлімше меңгерушісі лауазымына сәйкес белгіленеді.

190. Науқастарды қабылдау мейірбикесі лауазымы хосписке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

191. Емдәм (диета) мейірбикелерінің лауазымы әрбір хосписте 0,5 лауазым есебінен белгіленеді.

192. Медициналық статист лауазымы әрбір хосписте белгіленеді.

193. Бас дәрігердің мейірбике жұмысы жөніндегі орынбасары (бас мейірбике) лауазымы әрбір хосписте белгіленеді.

194. Шаруа-бикесі лауазымы әрбір бөлімшеде белгіленеді.

195. Санитарлар (палаталық) немесе науқастарды күтетін кіші медициналық мейірбикелер лауазымы 5 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост белгіленеді.

196. Емшара және таңушы кабинетінің санитарлары лауазымына сол кабинеттердің мейірбике лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

197. Санитар-буфетші лауазымдары ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

198. Санитар-сыпырушы лауазымы бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

199. Санитар-ваннашы лауазымдары бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

200. Науқастарды алып жүруге арналған және мәйіттерді тасуға арналған санитарлар лауазымы хосписке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

201. Фармацевт лауазымы 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

202. Әлеуметтік қызметкер лауазымы хосписке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

4-тарау. Ауруханалардың мейірбикелік күту қызметкерлерінің штат нормативтері

203. Ауруханада мейірбикелік күтім 80-120 төсекке ұйымдастырылады.

204. Стационарлық бөлімшелері (палаталары) дәрігерлерінің лауазымдары мына төсек санына 1 лауазым келеді:

геронтолог дәрігер: 1 лауазым - 40 төсекке;

невропатолог дәрігер: 1 лауазым стационарға;

психиатр дәрігер: стационарға 0,5 лауазым.

205. Бөлімше меңгерушісі лауазымы ординатор лауазымының орнына белгіленеді.

206. Бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымы әрбір ұйымға белгіленеді.

207. Жалпы ауруханалық қызметкер, фельдшер-зертханашылар, функциялық диагностика мейірбикелері, физиотерапия және емдік дене тәрбиесі қызметкерлері лауазымдары соматикалық ауруханалардың қолданыстағы нормативтер бойынша белгіленеді.

208. Мейірбикелердің (палаталық) лауазымдары 20 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

209. Емшара мейірбикесі лауазымдары 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

210. Аға мейірбикелердің лауазымы әр бөлімшеге енгізіледі.

211. Медициналық статистик лауазымы әрбір ұйымда белгіленеді.

212. Бас дәрігердің мейірбике ісі жөніндегі орынбасары (бас мейірбике) лауазымы әр ұйымда белгіленеді.

213. Шаруа-бикесі лауазымы бөлімшеге белгіленеді.

214. Санитарлар (палаталық) немесе науқастарды күтетін кіші медициналық мейірбикелер лауазымы 20 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

215. Емшара кабинетінің санитаркалары лауазымдары сол кабинеттердің мейірбикелік лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

216. Санитар-буфетші лауазымдары ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

217. Санитар-ваннашы лауазымдары 80 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

218. Науқастарды тасымалдауға және алып жүруге арналған санитарлар лауазымдары 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

219. Фармацевт лауазымы 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

5-тарау. Диспансерлердің штат нормативтері

§1. Жалпы нормативтер

220. Бөлімшелердің, кабинеттердің медициналық қызметкерлері лауазымдары (палата), стационарлық және амбулаториялық-емханалық көмек көрсету бойынша уақыттың нормативтері бойынша жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді.

221. Бас дәрігердің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымы диспансер штатында 30-дан кем емес дәрігерлік лауазымы болса бас дәрігердің лауазымы қоса белгіленеді.

222. Ұйымдастырушы-әдістемелік кабинет (бөлім) меңгерушісі – дәрігер-әдіскер лауазымы әр ұйымда белгіленеді.

223. Бас мейірбике лауазымы әр диспансерде белгіленеді.

224. Тәрбиешілер лауазымдары ауруханалар мен емханалардың нормативтері бойынша белгіленеді.

225. Шаруа-бикелері әр диспансерде белгіленеді.

226. Дәріханалардың қызметкері лауазымдары медициналық ұйымдарда дәріханалық құрылымдарының нормативтері бойынша белгіленеді. Егер диспансерде ауруханаішілік дәріхана қызмет көрсетсе, аталған лауазымдар белгіленбейді.

§2. Дерматологиялық-венерологиялық (бөлімшелер мен кабинеттер) диспансерлердің штат нормативтері

227. Қалалық диспансерлерде амбулаториялық көмек көрсету үшін дермато-венеролог дәрігерлердің белгіленген нормативтері болмағанда 10 мың адамға 0,7 лауазым есебінен (ересектер мен балалар) белгіленеді. Егер диспансер (осы аудандағы үлкендер мен балалар) тікелей ауылдық аудан халқына амбулаториялық емханалық көмек көрсетсе, оның штатына 10 мың адамға 0,2 лауазым есебінен дермато-венеролог дәрігерлер лауазымдары қосымша белгіленеді.

228. Облыстық диспансерлер штатында қабылдауды амбулаториялық және ұйымдастыру-әдістемелік жұмысты қамтамасыз ету үшін дәрігер-дерматовенеролог лауазымдары облыстың аумағындағы ересектер мен балаларға 100 мың адамға 0,3 лауазым есебінен белгіленеді.

229. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлімдердің эпидемиологиялық топтардағы патронаждық 2 мейірбике лауазымы белгіленеді.

§3. Онкологиялық диспансерлердің ауруханалардың, бөлімшелердің, кабинеттердің штат нормативтері

230. Емханалық көмек көрсетуіне арналған амбулаториялық қабылдау мен консультациялық жұмыстарын қамтамасыз ету үшін онколог-дәрігерлердің уақыттың белгіленген нормативтері болмаған жағдайда мыналар есебінен белгіленеді:

қала халқының 10 мың адамына 0,2 лауазым;

амбулаториялық және консультациялық көмекті қамтамасыз етуіне арналған облыс халқының 10 мың адамына 0,1 лауазым;

облыс халқы 100 мың адамға 0,25, бірақ ұйымдастыру-әдістемелік жұмыспен қамтамасыз етуге арналған 1 кем емес лауазымнан;

балалар кабинетіне арналған дәрігер-онколог 0,1 ставка 75 мың балаға, бір облысқа (республикалық маңызы бар қала) балалар онкологиялық кабинетіне 1 лауазымына аз емес дәрігер-онголог белгіленеді;

облыс халқына арналған амбулаториялық химия терапия жүргізуге 100 мың адамға 0,2 лауазым есебінен белгіленеді.

231. 1 лауазым химия терапиялық немесе химия сәуле бөлімшесінде 15 төсекке қосымша терапевт-дәрігер лауазымы белгіленеді.

100 төсекке (торакалды төсектерді есептемегенде);

торакалды хирургиялық бөлімшелерге.

232. Термография кабинетінің дәрігер лауазымы ауысымына аппаратқа 1 лауазым есебінен белгіленеді.

233. Лазерлік терапия және криохирургия кабинеті дәрігер лауазымына ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

234. Ауыруға қарсы терапия кабинетінің дәрігер лауазымы диспенсерге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

235. Шағын бейінді (бас және мойын ісіктері, балалар онкологиясы) бөлімшелерде қосымша лауазым белгіленеді:

логопед-дәрігер 40 төсекке 0,5 лауазым есебінен;

дәрігер-психолог 40 төсекке 0,5 лауазым.

236. Дәрігер-иммунолог лауазымы диспансерлерде төсек саны 200 астам 7000 зерттеуге 1 лауазым есебінен.

237. Радиолог дәрігер лауазымы:

15 радиологиялық төсекке оның ішінде 2-3 микроюри активтігі бар 2-3 белсенді төсекке;

ауысымына гамма-терапиялық немесе рентгенотерапиялық аппараттар;

ауысымға жоғары энергиялық сәулеленулердің көзі;

30 радиологиялық төсекке сәуле алды дайындау кабинетінің дәрігер-рентгенолог (топометрист) лауазымы;

238. Құрамында 150-ден астам төсегі бар диспансерлерде 2 медициналық психолог лауазымы белгіленеді.

239. Онкоурология, онкогинекология, бас және мойын ісіктері, онкопроктология бақылау кабинеттерінде мейірбике лауазымы 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

240. Медициналық статист лауазымына қосымша 1 лауазым:

амбулаториялық есептер үшін;

стационарлық есептер үшін белгіленеді.

241. Жабық радиоактивті препараттар блогына қызмет көрсетуге мейірбике лауазымы белсенділігі 200 мкюриден (7,4 ГБК) көп емес препараттарды ауысымына пайдалану кезінде белгіленеді.

242. Ашық радиоактивті препараттар блогына қызмет көрсетуге препараттардың мейірбике лауазымы белсенділігі 150 мкюриге (5,55 ГБК) дейін ауысымына пайдалану кезінде белгіленеді.

243. Гамма-терапиялық, рентгено-терапиялық және басқа да жоғары энергиялық қондырғыларға қызмет көрсету жөніндегі мейірбике лауазымы иондайтын сәулелену аймағында 3 сағаттан артық жұмыс істеу есебінен белгіленеді.

244. Сәуле алды дайындық кабинетінде зертханашы лауазымы топометрист дәрігерінің лауазымына сай белгіленеді.

245. Ашық радиоактивті препараттары блогының аға мейірбике лауазымы ауысымына 150 мкюриге дейін (5,55 ГБК) белсенді пайдалануды қамтамасыз ететін лауазымға белгіленеді.

246. Аға мейірбике лауазымы жабық радиоактивті препараттар блогына әрбір бөлімшеде белгіленеді.

247. Радиологиялық бөлімшедегі аға мейірбикенің лауазымы бөлімше меңгерушісінің лауазымына сәйкес болып белгіленеді.

248. Цитологиялық зертханадағы тіркеушінің лауазымы облыстың 100 мың адамына 0,2 лауазым есебінен белгіленеді.

249. Сәуле терапиясын жүргізу үшін аппараттарға қызмет көрсететін санитарлар лауазымдары ауысым кезінде бір аппаратқа бір лауазым есебінен белгіленеді.

250. Дистанциялық сәуле терапиясы блогы үшін шаруа-бикесінің қосымша лауазым 3 қондырғыдан кем болмаса белгіленеді.

251. Ашық радиоактивтік препараттар блогымен және жабық радиоактивтік препараттар блогына қызмет көрсететін санитариялық қызметкердің лауазымы әр бөлімге белгіленеді.

252. Медициналық физик маманының лауазымы сәулелік терапиясын алатын амбулаториялық науқастарымен жұмыс есебімен 30 радиологиялық төсек орнына 1 лауазым белгіленеді.

253. Техникалық-мөлшерлеушінің лауазымы 60 радиологиялық төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

254. Радиациялық қауіпсіздік инженерінің лауазымы 50 төсекке 0,5 ставка есебінен белгіленеді.

255. Сәулелік терапия аппараттарына қызмет көрсететін радиациялық қауіпсіздік инженерінің лауазымы техникалық талаптарға сәйкес келетін жоғары энергияларды жылдамдатқыш 1 аппаратына 1 лауазым есебінен енгізіледі.

256. Қызметкерлер құрамының комплектациясы күрделі қазіргі заманғы құралдары болса техникалық талаптарға сай жүргізіледі.

§4. Орталық аудандық ауруханалардың (диспансерлік бөлімшелердің) онкологиялық кабинеттерінің қызметкерлерінің штат нормативтері

257. Онколог-дәрігерінің лауазымы әр аудандық орталық ауруханада белгіленеді.

258. Цитолог-дәрігерінің лауазымы әр аудандық орталық ауруханада белгіленеді.

259. Онкологиялық кабинетінің мейірбикесі лауазымы әр аудандық орталық ауруханада белгіленеді.

260. Цитотехникалық фельдшер-зертханашының лауазымы әр аудандық орталық ауруханада белгіленеді.

261. Онкология кабинетінің санитар лауазымы бір кабинетке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§5. Туберкулезге қарсы диспансерлердің, ауруханалардың штат нормативтері

262. Амбулаториялық көмек көрсету үшін дәрігерлер лауазымы 1 учаскелік дәрігер-фтизиатрдың 1 лауазымы есебінен:

20 мың ересектерге;

10 мың балаларға белгіленеді;

263. Науқастарға қызмет көрсету үшін ауруханалар құрамында мамандығы бойынша тиісті бөлімшелер (төсектер) жоқ болған жағдайда дәрігерлер лауазымы төмендегідей белгіленеді:

Оториноларинголог-дәрігер әрбір 250 төсекке шаққанда 1 лауазым, бірақ 50 және одан да көп төсегі бар ауруханаға кемінде 0,5 лауазым;

Терапевт-дәрігер - өкпе-хирургиялық бөлімшесіне 1 лауазым;

Невропатолог-дәрігер – туберкулездік менингитпен ауыратын науқастарды емдеу үшін аурухананың құрамында кемінде 20 төсек болған жағдайда 0,5 лауазым;

264. Ауруханалардың сүйек туберкулезі бөлімшелерінің медицина қызметкерлері құрамының штаттары, тек операциялардың өткізуіне арналған омыртқа жотасында трансторакальды рұқсатты қолданумен және аурулардың мекендеуі, ереже бойынша, шамамен 2 орыннан асырмайды, штаттық нормативтермен белгіленеді, өкпе-хирургиялық бөліміне арналған.

265. Өкпе-хирургиялық және урогенитиялық бөлімдерде меңгеруші бөлімшеде төсек санына қарай науқастармен тікелей жұмыс істеуден босатылады.

Егер емдеуге арналған туберкулезді делбемен ауыратын науқастардың саны бөлімдер ұйымына арналған нормативтер талабына сай болмаса, бұл төсектер (палаталар) өкпе туберкулезі бөлімшесі құрамына қосылады.

266. Изоляторға қызмет етуге арналған балалар туберкулез бөлімшелерінде қосымша 1 мейірбикенің лауазымы 100 төсекке дейін орналасқан ауруханаларда және 2 лауазым 100 төсектен астам ауруханаларда белгіленеді.

267. Әлеуметтік құқығын оңалту бойынша нұсқаушылардың лауазымдары ересектер үшін және жасөспірімдердің 75 және одан да көп төсектен тұратын ауруханаларда әрбір 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

268. Сүйек-буын туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеуге арналған ауруханаларда (бөлімшелерде), қосымша лауазымдар белгіленеді:

массаж бойынша мейірбикелердің лауазымы әр 60 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді;

гипс салуға арналған кабинет мейірбикелерінің лауазымдары әр 200 төсекке 1 лауазым есебінен, бірақ 1 лауазымнан кем емес;

емдік дене тәрбиесі нұсқаушының лауазымы: 100 төсекке дейін - 0,5 лауазым, 100 төсектен астам - 1 лауазым;

269. 100 төсектен астам стационарларда қабылдау бөлімінің мейірбикесі лауазымы белгіленеді.

270. Балалар туберкулез ауруханаларында изоляторға қызмет көрсету үшін санитарлар лауазымы изолятордағы мейірбикелер лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

271. Операциялық және таңушылық жұмысын орындайтын санитарлар лауазымы операциялық мейірбикелердің және таңушылық мейірбикелердің лауазымына сәйкес болып белгіленеді.

272. Әр гипс салу кабинетіне 1 санитар лауазымы белгіленеді.

273. Дәрігерлік тіс емдеу кабинетінде жұмыс істейтін санитардың лауазымы стоматолог дәрігерлерінің лауазымдарына сәйкес болып белгіленеді.

274. Қабылдау бөлімшесі санитарларының лауазымы қабылдау бөлімшесі мейірбикелерінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

275. Педагогикалық қызметкерлер лауазымы балалар ауруханаларының (бөлімшелерінің) нормативтері бойынша белгіленеді.

276. Диспансерлік бөлімшесі меңгерушісінің лауазымы 10 учаскелік фтизиатрия мамандарына 1,0 ставка есебінен белгіленеді.

§6. Психиатрия диспансерлерінің, ауруханаларының, бөлімшелерінің және кабинеттерінің штат нормативтері

277. Барлық психиатриялық жәрдем көрсететін (наркологиялықтан басқа) дәрігерлер лауазымының қойылған нормативтері жоқ болса 1 учаскелік психиатр-дәрігері есебінен белгіленеді:

20 мың ересек (18 жас және одан жоғары) қалалық тұрғындарына;

15 мың жасөспірімдерге және балаларға;

50 мың тұрғындарына, ауылдық аудандарына және ауылды мекендердегі халыққа, әкімшілікке бағынатын қалаларға (ауылдық аудан әкімшілігіне кірмейтін) амбулаториялық психиатриялық жәрдем

көрсету үшін, бірақ бір ауданға 1 учаскелік психиатр-дәрігерден кем болмауы тиіс (осы лауазым есебімен диспансерлік бөлімшелерде (кабинеттерде) аудандық бағыныстағы қалаларда).

278. Балаларды (жасөспірімдерді) емдейтін психиатр-дәрігерлерінің лауазымы, зерделі артта қалған балаларға, мектеп-интернаттар оқушыларына, ерекше тәрбиелеу жағдайларын талап ететін оқушыларға, арнайы мектептердің және арнайы кәсіби-техникалық училищелердің, әрбір көрсетілген мекемеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

279. Психотерапевт дәрігерлерінің лауазымы ересектер үшін 2 учаскелік психиатрлардың лауазымына 1 лауазым есебінен белгіленеді және учаскелік психиатрлардың ересектерге және балалар үшін 3 лауазымына 1 лауазым есебінен белгіленеді;

280. Медициналық психологтың лауазымы тұрғындарға учаскелік психиатрлардың 3 лауазымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

281. Невропатолог дәрігерінің лауазымдары амбулаториялық-емханалық жұмыс істеуді ұйымдастыру үшін бір диспансерге бір дәрігер есебінен белгіленеді.

282. Консультациялық және ұйымдастырушы-әдістемелік жұмысын қамтамасыз ететін дәрігерлердің лауазымдары штатта бір облыс, республикалық маңызы бар қалалары психоневрологиялық диспансерлері есебінен белгіленеді:

әкімшілік аумақтың 100 мың ересек тұрғынға 0,25 лауазым;

әкімшілік аумақтың 100 мың жасөспірім тұрғынға 0,25 лауазым;

әкімшілік аумақтың 150 мың тұрғын балаға 0,5 лауазым;

283. Психоневрологиялық диспансерлік бөлімше меңгерушісінің лауазымы бөлімшеге 2 лауазымнан кем емес психиатр дәрігерлері біреудің орнына барлық атаулардың лауазымы болуы керек деген есеппен белгіленеді 3,5 көрсетілген лауазымнан кем емес 0,5 дәрігер лауазымы есебінен белгіленеді.

Аурухана құрамындағы психиатриялық-диспансерлік бөлімшенің меңгерушісі лауазымы, психиатр дәрігерлерінің барлық лауазым атауларының 3,5 лауазымға дейін болуы тиіс, енгізілмейді, егер ауруханада психиатриялық төсектің санымен стационар бөлімше меңгеруші лауазымы қойыла алады.

Егер психиатриялық бөлімше облыстық аурухананың құрамында ұйымдастырылса, оның ұйымдастырушы-әдістемелік бөлімі штатына мына лауазым орнына дәрігер-әдіскер лауазымы енгізіледі .

284. Психотерапевт дәрігерлерінің лауазымы 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

285. Фтизиатр дәрігерлерінің лауазымы психотуберкулезді бөлімшесіндегі (палаталарындағы) 30 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

286. Терапевт-дәрігерлерінің лауазымы ересектерге арналған 400 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді, бірақ бір ұйымға 1 лауазымнан кем болмай белгіленуі керек.

287. Педиатр-дәрігерлерінің лауазымы ауруханаға жатқызатын балалармен 14 жасар балаларды қоса санағанда 400 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

288. Учаскелік мейірбикелер мен дәрігер кабинеттердің лауазымы учаскелік психиатр дәрігерлерінің лауазымына сәйкес келетін есеппен белгіленеді.

289. Әлеуметтік жәрдем көрсететін мейірбикелердің лауазымы 5 учаскелік психиатр-дәрігерлеріне 2 лауазым есебінен белгіленеді.

390. Амбулаториялық жәрдем көрсететін ем жасайтын кабинет мейірбикелердің лауазымы ауысымына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

291. Амбулаториялық жәрдем көрсететін мейірбикелердің лауазымы 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

292. Қабылдау бөлімшесі мейірбикелерінің лауазымы 800 төсекке тәулік бойы 1 пост 1 лауазым есебінен белгіленеді.

293. Еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушысының лауазымы бөлімшелердегі (палаталардағы) ересектерге, жасөспірімдерге және балаларға деген мына көрсетілген төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді:

орташа есеппен алғанда 100 күнге дейін төсекке болған науқастың 50 төсекке 1 лауазым;

орташа есеппен алғанда 100 күннен астам төсекке болған науқастың 30 төсекке 1 лауазым.

294. Әлеуметтік жәрдем көрсететін мейірбикелердің лауазымы 200 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

295. Медициналық және педагогикалық қызметкерлер және психологиялық-наркологиялық диспансерлік бөлімшелерінің және кабинеттерінің, психиатриялық, психотуберкулезді бөлімшелерінің және стационарлық палаталарының, күндізгі стационарларының, дыбыс жазу аппаратурасын қолданып және емді-өндірістік шеберханаларда науқастармен жұмыс жасау медициналық құжаттаманы рәсімдеу үшін көрсетілген бөлімшелердің штат нормативтері бойынша диспансерлерде белгіленеді.

296. Стационар-логопед дәрігерлерінің лауазымы 30 балаға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

297. Балалар олигофрено-педагогтарының лауазымы 50 бала төсегіне 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§7. Психиатриялық ауруханаларының күндізгі стационарларының штат нормативтері

298. Күндізгі стационардың дәрігер-меңгерушісінің лауазымы психоневрологиялық және психиатриялық ұйымы бөлімшесінің меңгерушісі ретінде, 50 және одан да көп орындары бар әр күндізгі стационарларда белгіленеді.

299. 100 орынға дейін күндізгі стационардың меңгерушісі психиатр-дәрігерінің тікелей стационарда жатқан аурулармен жұмыс жасау міндеттерін орындайды.

300. 100 орыны бар күндізгі стационарларда психиатр-дәрігерінің қосымша 0,5 лауазымы және әр 50 (100-ден астам) орындарына кейін 0,5 психиатр-дәрігерінің лауазымы белгіленеді.

301. Медициналық қызметкерлердің лауазымдары әр 50 науқас есебінен белгіленеді:

мейірбике – 1 лауазым

шаруа-бикесі – 1 лауазым

санитар – 1 лауазым.

§8. Емдік-өндірістік (еңбек) шеберханалары

302. Медициналық қызметкерлердің лауазымдары әр 50 науқасқа есебінен белгіленеді:

психиатр-дәрігері – 0,5 лауазым

мейірбике – 1 лауазым

санитар – 1 лауазым

303. Еңбек терапиясы нұсқаушысының лауазымы әр 25 науқасқа 1 лауазым есебінен белгіленеді

.

304. Психологтардың лауазымы жалпы психиатриялық бөлімшелердегі 60 төсекке, басқа бөлімшелерде 30 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

305. Әлеуметтік жұмыс қызметкерінің лауазымы әр психоневрологиялық бөлімшеге, қосымша диспансерге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§9. Амбулаториялық сот-психиатриялық сараптау комиссиясының штат нормативтері

306. Амбулаториялық сот-психиатриялық сараптау комиссиясы төрағасының лауазымы жылына 600 сараптамадан (кәмелетке толмағандар сараптамасы үшін 450 сараптамадан) 1 лауазым есебінен белгіленеді.

307. Сот-психиатриялық сараптама дәрігерлерінің лауазымы амбулаториялық сараптама жүргізу үшін жылына 200 сараптамаға (кәмелетке толмағандардың сараптамалары үшін 150 сараптамаға) белгіленеді.

308. Сот-психиатриялық психолог-сарапшыларының лауазымы 300 амбулаториялық сот-психиатриялық сараптамаларға 1 лауазым есебінен белгіленеді, бірақ комиссияға бір лауазымнан кем белгіленбеуі тиіс.

309. Медициналық тіркеушінің машинаға басылатын жұмыстарды орындаумен жылына 200 сараптамаға 1 лауазым.

310. Санитарлардың лауазымы жылына 1000 сараптамаға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§10. Стационарлық сот-психиатриялық сараптау комиссиясының штат нормативтері

311. Бөлімше меңгерушісінің лауазымы 0,5 дәрігер лауазымы орнына 25 төсекке белгіленеді.

312. Сот-психиатриялық сарапшы дәрігерлердің лауазымдары 10 төсекке (кәмелетке толмағандар сараптамасы үшін 8 төсекке) 1 лауазым есебінен белгіленеді.

313. Сот психолог-сарапшылардың лауазымдары 15 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

314. Мейірбикелердің (палаталық) лауазымдары 15 төсекке 1 тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

315. Ем-шара кабинеті мейірбикесінің лауазымы әр бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді .

316. Санитарлардың (палаталық) лауазымы 10 – 13 төсекке 1 тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

317. Науқастарды қарайтын санитарлардың лауазымы 20 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

318. Буфетші санитарлардың лауазымы 25 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

319. Ваннашы санитарлардың лауазымы: бөлімшелерде 25 төсекке дейін 1 лауазым; 25 төсектен көп болған жағдайда 2 лауазым есебінен белгіленеді.

§11. Мәжбүрлеп емдеу бөлімшесінің штат нормативтері

320. Бөлімше меңгерушісінің лауазымы 0,5 дәрігер лауазымының орнына әр бөлімшеге төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

321. Психиатр дәрігерлерінің лауазымы 20 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

322. Психологтың лауазымы бір бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

323. Әлеуметтік қызметкердің лауазымы бір бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

324. (Палаталық) мейірбикелердің лауазымы 25 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

325. Психотуберкулез және психосоматикалық бөлімшенің (палаталық) мейірбикелерінің лауазымы 20 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

326. Ем шара кабинеті мейірбикесінің лауазымы әр бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді .

327. Психотуберкулез және психосоматика бөлімшесінің ем шара кабинеті мейірбикесінің лауазымы әр бөлімшеге 2 лауазым есебінен белгіленеді.

328. Еңбек терапиясы нұсқаушысының лауазымы әр 25 науқасқа 1 лауазым есебінен белгіленеді .

329. Санитарлардың (палаталық) лауазымы 100 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

330. Науқасты қарап және оны алып жүретін санитарлардың лауазымы 25 науқасқа 1 лауазым есебінен белгіленеді.

331. Психотуберкулез және психосоматика бөлімшесінің науқасты қарап және оны алып жүретін санитарлардың лауазымы 20 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

332. 200-ге дейін төсегі бар ауруханаларда және диспансерлерде кешкі және түнгі уақыттарда дәрігерге дейінгі білікті жәрдем көрсету үшін (палаталық) мейірбикелер лауазымының тиісті санының орнына 4 фельдшер лауазымына дейін белгіленеді.

333. Науқастарға консультацияны өткізу үшін басқа ұйымдардан маман – консультанттары ұйымдар сметасында осы мақсаттар үшін көзделген қаражат шегінде шақыруға рұқсат етіледі.

§12. Наркологиялық диспансерлерінің, ауруханалардың, медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтарының штат нормативтері

334. Наркологиялық көмектің барлық түрлерін көрсететін дәрігерлер лауазымының белгіленген уақыт нормативтері болмағанда 1 лауазым есебінен белгіленеді:

алкогольді тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлық бұзылуларынан зардап шегетін, диспансерлік есепте тұрған 1000 науқасқа, оның ішінде профилактикалық бақылаудағы тұлғаларға;

психикаға белсенді (алкогольден басқа) әсер ететін заттарды ПБЗ пайдалану салдарынан психикалық және мінез-құлық бұзылудан зардап шегетін, диспансерлік есепте тұрған 250 науқасқа, оның ішінде профилактикалық бақылаудағы тұлғаларға.

Ауылдық елді-мекендерде нарколог дәрігерлерінің лауазымы әр ауданға кемінде 1,0 есеппен белгіленеді.

335. Нарколог-дәрігерлердің лауазымы былайша белгіленеді:

есірткіге тәуелділіктің алдын алу бойынша – 1 лауазым;

психикаға белсенді әсер ететін психикалық және мінез-құлық бұзылудан зардап шегетін тұлғаларға жасырын түрде медициналық жәрдем көрсету үшін – 1 лауазым;

күндізгі стационардағы 20 төсекке 1 лауазым. Күндізгі наркологиялық стационар меңгерушісінің лауазымы әр күндізгі стационарда нарколог дәрігерінің 1 лауазымның орнына белгіленеді.

335-1. Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының нарколог-дәрігерлерінің лауазымдары:

Нарколог-дәрігерлердің 1 тәуліктік посты - уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының 20 төсегіне.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының меңгерушісі лауазымы әрбір орталыққа белгіленеді.

Ескерту. 335-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

336. Психотерапевт дәрігер лауазымы бір диспансерге амбулаториялық қабылдау жүргізетін 8 дәрігердің лауазымына 1 лауазым есебінен белгіленеді; күндізгі стационарда 50 төсекке 1 лауазым, бірақ бір диспансерге 1 лауазымнан кем болуы тиіс.

337. Медициналық психологтың лауазымы амбулаториялық қабылдау жүргізетін 10 дәрігердің лауазымына 1 лауазым есебінен белгіленеді, күндізгі стационарда 50 төсекке 1 лауазым, бірақ бір диспансерге 1 лауазымнан кем болуы тиіс.

338. Стационардағы науқастарға қызмет көрсету үшін психотерапевт дәрігерлерінің лауазымы мынадай төсек санына 1 лауазым есебінен белгіленеді: психотерапия және оңалту бөлімшесінде 10 төсекке, әлеуметтік оңалту бөлімшесінде 50 төсекке.

339. Стационардағы науқастарға қызмет көрсететін психологтардың лауазымы мынадай төсек санына 1 лауазым есебінен белгіленеді:

алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратын ересек науқастарға арналған наркология бөлімшесінде 20 төсекке;

алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратын балаларға арналған наркология бөлімшесінде 15 төсекке;

сот-наркологиялық сараптамаға арналған наркология бөлімшесінде 10 төсекке;

психотерапия және оңалту бөлімшесінде 15 төсекке;

әлеуметтік оңалту бөлімшесінде 50 төсекке.

Ескерту. 339-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

340. Стационары бар диспансерлерде терапевт-дәрігерлері лауазымы 60 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

341. Стационары бар диспансерлерде невропатолог-дәрігерлері лауазымы 60 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

342. Стационары бар диспансерлерде стоматолог-дәрігерлері лауазымы 500 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

343. Наркологиялық сараптамаларды бақылау және ұйымдастыру жөніндегі нарколог дәрігердің бір лауазымы.

344. Алкогольмен және есірткімен мас болу сараптамасын жүргізу үшін бір нарколог дәрігерлерінің тәулік бой жұмыс істейтін пост белгіленеді.

345. Сот-наркологиялық сараптама жүргізу үшін әрбір наркологиялық ұйымға сот-наркологиялық сарапшы дәрігердің екі лауазымы. Егер жылына сот-наркологиялық сараптаманың саны 1000-нан асатын болса, онда сот-наркологиялық сараптамашы дәрігердің бір лауазымы қосымша енгізіледі.

Ескерту. 345-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

346. Сенім пунктіннің (шприцтерді алмастыру пунктіннің) психолог лауазымы әр пунктке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

347. Учаскелік мейірбикелердің және әлеуметтік жәрдем көрсететін жеке фельдшерлердің (мейірбикелердің) лауазымдары учаскелік психиатр-нарколог дәрігерлердің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

348. Наркологиялық сараптамаларды бақылау және ұйымдастыру жөніндегі фельдшер лауазымдары ұйымдастыру-әдістемелік консультация бөлімінің штатындағы психиатр-нарколог дәрігерінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

349. Диспансер бөлімшесі мейірбикелерінің лауазымдары мынадай есеппен белгіленеді:

- ауысымына 1 емшара мейірбикесі лауазымы;

- анонимді емдеу кабинетіне 1 лауазым;

- алкогольді шектен тыс пайдаланудан және алкоголизмнен зардап шегетін тұлғаларға профилактикалық медициналық жәрдем көрсету және алкогольге қарсы насихаттауға арналған кабинетке 1 лауазым;

- күндізгі стационардағы әр 20 төсекке 1 лауазым.

- психотерапевт дәрігердің лауазымына сәйкес психотерапия кабинетіне 1 мейірбике лауазымы.

349-1. Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының медициналық бике лауазымдары нарколог-дәрігерлер лауазымдарына сәйкес бекітіледі.

Уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталықтарының фельдшерлер лауазымдары нарколог-дәрігерлер лауазымдарына сәйкес бекітіледі.

Уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталықтарының аға медициналық бике лауазымы әр орталыққа бекітіледі.

Ескерту. 349-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

350. Емшара мейірбикелері лауазымы әр бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

351. Еңбек терапиясы нұсқаушысының лауазымы алкогольдік психозбен ауыратын науқастар бөлімшесінен басқа әр бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

352. Стационары бар диспансерлердің фельдшер-зертханашыларының (зертханашыларының) лауазымы алкогольмен және есірткімен мас болу сараптамасын жүргізетін нарколог дәрігерлердің лауазымына сәйкес қосымша белгіленеді.

353. Химик-зертханашының лауазымы (зертхананы жарақтандыруда сұйық немесе газ анализаторы болған кезде) бір ұйымға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

354. Дәрігер кабинеттері санитарларының лауазымдары учаскелік психиатр-нарколог дәрігерлердің лауазымдарына сәйкес болып, алкогольмен мас болу сараптамасы кабинетіне 1 лауазым және психотерапиялық кабинетке 0,5 лауазым белгіленеді.

355. Қабылдау бөлімшесі санитарының лауазымдары 100 және одан көп төсектік диспансерлерде белгіленеді.

355-1. Уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталықтарының санитар, санитар-жуындырушы және бақылау бойынша санитар лауазымдары нарколог-дәрігерлер лауазымдарына сәйкес бекітіледі.

Уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталықтарының шаруашылық-бикесі лауазымы әр орталыққа бекітіледі.

Ескерту. 355-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.01.05 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

356. Педагог лауазымы диспансер бөлімшесіне 1 лауазым, 30 және одан көп төсекке медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесіне 1 лауазым белгіленеді.

357. Әлеуметтік жұмыскердің лауазымы диспансер бөлімшесін қосқанда әр наркологиялық бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

358. Сенім телефоны психологтарының лауазымдары диспансерде сенім телефоны болған жағдайда тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

359. Еңбекке оқыту жөніндегі шебердің лауазымдары медициналық-әлеуметтік оңалтудың әр стационар бөлімшесіне және 30 және одан көп төсектік күндізгі стационар бөлімшесіне 1 лауазым есебінен белгіленеді.

360. Дене шынықтыру әдіскерінің лауазымы медициналық-әлеуметтік оңалту, 50 және одан көп төсектік күндізгі стационар бөлімшесіне 1 лауазым есебінен белгіленеді.

361. Оңалту жөніндегі нұсқаушының лауазымдары медициналық-әлеуметтік оңалту және күндізгі стационар бөлімшелерінің әр 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

362. Анонимді емдеу кабинеті наркологиялық диспансерден тыс орналасқан жағдайда (қалалық емханалық үй-жайында және т.б) кабинет штатында 1 санитар лауазымы белгіленеді.

363. Наркологиялық диспансер қызмет көрсетпейтін қалалар мен басқа да елді мекендерде орналасқан денсаулық сақтау ұйымдарының тиісті қызметкерлер құрамы лауазымдарының санын анықтау үшін наркологиялық бөлімшелер мен кабинеттердің медициналық қызметкерлер құрамының штаттық нормативтерін қолданылуы мүмкін.

§13. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық ұйымдардың (МЕПМ), бөлімшелердің (қызметкерлер) құрамының штат нормативтері

364. Психиатр-нарколог дәрігерлердің лауазымдары наркологиялық бөлімшелердегі мынадай төсек санына 1 лауазым есебінен белгіленеді:

созылмалы алкоголизммен зардап шеккендерге – 40;

нашақорлықпен зардап шегетіндерге – 20.

365. Фтизиатр-дәрігерлердің лауазымдары 400 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

366. Терапевт-дәрігерлерінің лауазымдары 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

367. Терапевт-дәрігерлердің лауазымдары ауыр қосымша патологиясы бар наркологиялық бөлімшелердегі 25 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

368. Акушер-гинеколог дәрігерлердің лауазымдары әйелдерді емделуге жатқызу үшін пайдаланылатын 500 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді

369. Невропатолог-дәрігерлердің лауазымдары 100 төсекке 1 лауазым есебінен, бірақ кемінде 0,5 лауазым белгіленеді.

370. Психотерапевт-дәрігерлердің лауазымдары 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

371. Нарколог-дәрігерлердің (еңбек және әлеуметтік оңалту бойынша) лауазымдары 250 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

372. Офтальмолог-дәрігерлердің лауазымдары 500 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

373. Хирург-дәрігерлердің лауазымдары 500 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

374. Отоларинголог-дәрігерлердің лауазымдары 500 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

375. Психологтардың лауазымдары 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

376. Дерматолог-дәрігерлерінің лауазымдары 500 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

377. МЕАМ бас дәрігерінің медициналық бөлім жөніндегі орынбасарының лауазымы МЕАМ белгіленеді, бас дәрігердің лауазымын қосқанда штат нормативтері бойынша 30 дәрігерлер лауазымынан кем емес лауазымдар болуы тиіс. МЕАМ штат нормативтері бойынша кемінде 60 дәрігер лауазымы болуы тиіс, бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі екінші орынбасары белгілеуі мүмкін.

378. Бас дәрігердің әлеуметтік оңалту жұмысы жөніндегі орынбасарының лауазымы әр дербес арнайы МЕАМ белгіленеді.

379. Мейірбикелердің (палаталық) лауазымы 30 наркологиялық төсекке 1 тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

380. Емшара мейірбикелерінің лауазымдары 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

381. Қабылдау бөлімшесі мейірбикелерінің лауазымдары былай белгіленеді:

150-ден 350 төсекке дейін – 1 лауазым;

300-ден 500 төсекке дейін – 1, 5 лауазым;

500-ден көп төсекке – 2 лауазым және әр келесі 250 төсекке қосымша 1 лауазымнан (500-ден артық).

382. Еңбек терапиясы нұсқаушысының лауазымдары 30 наркологиялық төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

383. Жұмыс істейтін залалсыздандыру қондырғысы бойынша дезинфекторлар лауазымдары 500 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

384. МЕАМ бас мейірбикесінің лауазымы әр мекемеде белгіленеді.

385. Әлеуметтік жәрдем көрсететін мейірбикелерінің лауазымы 250 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

386. Науқастарды күтіп-бағатын санитарлардың (палаталық) немесе мейірбикелердің лауазымдары 50 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост белгіленеді.

387. Стоматологиялық кабинет санитарларының лауазымдары стоматолог-дәрігердің лауазымына сәйкес белгіленеді, бірақ 1 лауазымнан кем болмауы керек.

388. Қабылдау бөлімшесі санитарларының лауазымы былай белгіленеді:

МЕАМ-де 150-300 төсекке – 1 лауазым;

МЕАМ-де 250-ден астам 500-ге дейін – 2 лауазым;

МЕАМ-де 500 және одан көп – тәулік бойы істейтін бір пост.

389. Педагог лауазымы 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

390. Әлеуметтік қызметкер лауазымы 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

6-тарау. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдарының штат нормативтері

391. Медициналық қызметкерлер лауазымдары стационарлық және амбулаториялық-емханалық жәрдем бойынша белгіленген уақыт нормативтеріне сәйкес жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді.

392. Медициналық статистик лауазымы ұйымға 1 бірлік белгіленеді.

393. Бөлімшелердегі аға мейірбикелер лауазымдар бөлімше меңгерушілерінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

394. Әрбір аға мейірбике лауазымы 0,5 мейірбике (палаталық) лауазымының орнына белгіленеді.

395. Бас мейірбике лауазымы әрбір санаторийге белгіленеді.

396. Шаруа-бикесі лауазымы әрбір санаторийге белгіленеді. 200 және одан көп төсектік санаторийлерде 1 бірлік және әрбір келесі 100 (200-ден астам) төсекке қосымша 0,5 бірлік белгіленеді.

397. Буфетші-санитарлардың лауазымдары 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§1. Балалар санаторийлерінің (туберкулез санаторийлерінен басқа) штат нормативтері

398. 75 және одан көп төсек бар психоневрологиялық санаторийлерде физиотерапевт дәрігерінің қосымша 0,5 лауазымы белгіленеді.

399. Ревматизммен ауыратын науқас балаларға арналған 100-ден астам төсек бар санаторийлерде отоларинголог дәрігерінің қосымша 0,5 лауазымы белгіленеді.

400. Жекелеген мамандықтар дәрігерлерінің лауазымдары 1 лауазым есебінен былай белгіленеді:

педиатриялық, пульмонологиялық және кардиоревматологиялық (ерекшелігі жоқ полиартритпен ауыратын науқастарға арналған) 300 төсекке отоларинголог-дәрігері;

психоневрологиялық (церебральды сал ауыруымен ауыратын психикасы бұзылған балаларға арналған) 150 төсекке травматолог-ортопед дәрігері;

дерматологиялық және пульмонологиялық 500 төсекке аллерголог-дәрігері.

401. Стоматолог-дәрігерлердің лауазымдары 300 төсекке белгіленеді, бірақ санаторийлерде 75 төсектен асатын 0,5 лауазымнан кем болмауы керек.

402. Диетолог-дәрігерлерінің лауазымы эндокринологиялық, нефрологиялық және гастроэнтерологиялық 400 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

403. Бөлімше меңгерушілерінің лауазымдары кемінде 100 төсек бар әрбір бөлімшеге белгіленеді.

405. Әрбір меңгеруші лауазымдары 0,5 дәрігер лауазымының орнына белгіленеді.

406. Бас дәрігердің медицина бөлімі жөніндегі орынбасарының лауазымы 300 және одан да көп төсек бар санаторийлерге белгіленеді.

407. Мейірбикелердің (палаталық) лауазымы тәулік бойы жұмыс істейтін пост есебінен белгіленеді: 3 жасқа дейінгі балаларға 15 төсекке; 3 жастан асқан балаларға 30 төсекке.

408. Изолятор мейірбикелерінің лауазымы 100 төсекке лауазым есебінен белгіленеді. Санаториилердегі 300 және одан төсекке көп тәулік бойы жұмыс істейтін пост белгіленеді.

409. Гипс салу кабинеті мейірбикелерінің лауазымдары травматология-ортопедиялық және психоневрологиялық (церебральды сал ауыруымен ауыратын психикасы бұзылған балаларға арналған) 125 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

410. Санаторийлерге емдәм мейірбикелерінің лауазымы былай белгіленеді: 75-ке дейін төсекке 0,5 лауазым; 80-250 төсекке әрбір келесі 200 кереует орындарына 1 лауазым.

411. Аэролярийде қызмет көрсету немесе аэротерапия үшін арнайы бейімделген пляж бен верандаарында қызмет көрсету мейірбикелерінің лауазымы 250 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

412. Санитарлардың (палаталық) лауазымы тәулік бойы жұмыс істейтін пост есебінен белгіленеді: 3 жасқа дейін 25 төсекке; 3 жастан асқан балаларға 30 төсекке, науқастарды емдік-диагностика кабинетіне алып баратын және тасымалдайтын санитарлардың лауазымдары психоневрологиялық (церебральды сал ауруымен ауыратын психикасы бұзылған балалар үшін) 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

413. Изолятор санитарларының лауазымдары изолятор мейірбикелерінің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

414. Гипс салу кабинеті санитарларының лауазымдары гипс салу кабинеті мейірбикелерінің лауазымына сәйкес белгіленеді, бірақ 1 лауазымнан артық болмауы керек.

415. Аэролярийде қызмет көрсету немесе аэротерапия үшін бейімделген жабдықталған пляж бен верандаарында қызмет көрсететін санитарлардың лауазымы мейірбикелердің лауазымдарына сәйкес белгіленеді.

416. Педагогикалық бөлім меңгерушісінің лауазымы мектеп жасындағы және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 100 және одан көп төсектік бар барлық санаторийлерде белгіленеді.

417. Тәрбиешілер лауазымдары былай белгіленеді: психоневрологиялық, оның ішінде церебральды сал ауруымен ауыратын психикасы бұзылған балалар үшін 3 жастан асқан балаларға 15 төсек; басқа бейімделген 3 жастан асқан балаларға 25 төсекке; барлық бейімдегі 3 жасқа дейінгі балаларға 50 төсекке.

Екі ауысымдағы мектеп жасындағы және мектеп жасына дейінгі балалар арасында тәрбие жұмысын өткізу кезінде, оларды оқыту үшін мұғалімдер лауазымы енгізілмесе, тәрбиешілер лауазымы қосымша 15 төсекке 1 лауазым есебінен 25 немесе 50 төсекке тиісті бөлімше бейіндері белгіленеді .

418. Санаторийлерде музыкалық жетекшілер лауазымдары былай белгіленеді: 50-125 төсекке – 0,5 лауазым; 125-тен астам төсекке – 1 лауазым.

419. Логопедтер лауазымдары психоневрологиялық оның ішінде церебральды сал ауруымен ауыратын психикасы бұзылған балалар үшін 125 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

§2. Туберкулезге қарсы балалар санаторийлерінің штат нормативтері

420. Бас дәрігердің медицина бөлімі жөніндегі орынбасарының лауазымы санаторийлерде 300 және одан көп төсекке белгіленеді.

421. Бөлімше меңгерушісінің лауазымы санаторийлерде 100-ден кем емес төсек бар әр бөлімшеде белгіленеді.

422. Дәрігер лауазымы 1 лауазым есебінен былай белгіленеді: туберкулездің активті түрімен, сүйек туберкулезімен ауыратын науқас, туберкулез менингиттен кейінгі реконвалесцент балаларға арналған 30 төсегі бар санаторийлерге; туберкулездің қайтымды нысанымен балаларға арналған 50 төсек бар санаторийлерге.

423. Стоматолог-дәрігер лауазымы санаторийлерде (ерте жастағы балаларға арналған санаторийлерден басқа) 75-150 төсекке - 0,5 лауазым; 150-ден астам төсекке - 1 лауазым белгіленеді.

424. Диетолог-дәрігер лауазымы санаторийлерде 100-200 төсекке - 0,5 лауазым; 200-ден астам төсекке - 1 лауазым белгіленеді.

425. Балаларға арналған 250 және одан да көп төсек бар санаторийлерде сүйек туберкулезімен ауыратын науқастарға дәрігер-фтизиатр лауазымын белгіленеді, ал жабдықталған операция бөлмесі болған жағдайда – хирург-дәрігер лауазымы бекітіледі.

426. Санаторийлерде кешкі және түнгі уақытта науқас балаларға дәрігерлік қызмет көрсету (дәрігерлер кезекшілігі) әрбір санаторийдің қуатына, құрамы мен жергілікті жағдайларына байланысты белгіленген айлық жұмыс уақытының нормасы есебінен арнайы кесте штаты дәрігерлердің кезекшілік етуі жолымен ұйымдастырылады.

427. Медициналық мейірбикелер (палаталық) посты санаторийлерде және санаторий бөлімшелерінде бір мейірбикенің (лауазым) қызмет көрсетуі есебінен белгіленеді: туберкулездің белсенді түрімен, сүйек туберкулезімен ауыратын, туберкулезді менингиттен кейінгі реконвалесцент балаларға арналған күндізгі 20 төсекке, түнгі 60 төсекке; туберкулездің қайтымды түрі бар балаларға арналған күндізгі 50 төсекке, түнгі 10 төсекке.

428. Изолятор мейірбикесі лауазымы санаторийлерде былай белгіленеді: 75-100 төсекке - 1 лауазым; 101-250 төсекке - 3 лауазым.

429. Гипс салу кабинеті фельдшерінің немесе мейірбикесінің лауазымы сүйек туберкулезімен ауыратын балаларға арналған санаторийлерде 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

430. Осы аталған санаторийлерде жабдықталған операция бөлмесі болған жағдайда – 1 фельдшердің немесе операциялық мейірбикенің лауазымы белгіленген.

431. Массаж жасайтын мейірбике лауазымы туберкулезді менингиттен кейінгі реконвалесцент және сүйек туберкулезімен ауыратын балаларға арналған санаторийлерде 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

432. Диетолог-мейірбике лауазымы санаторийлерде 50 төсекке - 0,5 лауазым; 51-250 төсекке - 1 лауазым белгіленеді.

433. Ортопедиялық кабинеттің мейірбикесі лауазымы сүйек туберкулезімен науқас балаларға арналған санаторийлерде белгіленеді: 50-100 төсекке - 0,5 лауазым; 101-250 төсекке - 1 лауазым.

434. Сүйек туберкулезімен науқас балаларға арналған санаторийлерде таңу бөлмесінің фельдшері немесе мейірбикесі лауазымы белгіленеді: 75-125 төсекке - 1 лауазым; 125-тен көп төсекке - 2 лауазым белгіленеді.

435. Медициналық статистик лауазымы санаторийлерде мынадай жағдайларда белгіленеді: 100-125 төсек болса - 0,5 лауазым; 125 төсектен көп болса - 1 лауазым белгіленеді.

436. Санаторийлерде 150 және одан көп төсек болса дезинфектордың 1 лауазымы белгіленеді.

437. Екі немесе одан көп оқшауланған корпустары бар санаторийлерде (ерте жастағы балаларға арналған санаторийлерден басқа) белгіленген мейірбикелер (палаталық) саны 25 төсектен кем емес әрбір корпус үшін 1 мейірбикеге көбейеді.

438. Санитарлар (палаталық) посты мектепке дейінгі және мектеп жанындағы балаларға арналған санаторийлерде бір санитардың (лауазымы) 20-25 төсекке күндіз және 50-60 кереует-орынға түндегі уақытта қызмет етуі есебінен белгіленеді, ал ерте жастағы балаларға арналған санаторийлерде - бір санитардың (лауазымы) 15 төсекке күндіз және 30 төсекке түндегі уақытта қызмет етуі есебінен белгіленеді.

439. Екі немесе одан көп бір-бірінен оқшауланған корпустары бар санаторийлерде (ерте жастағы балаларға арналған санаторийлерден басқа) белгіленген санитарлар (палаталық) саны 25 төсектен кем емес әрбір корпус үшін 2 санитар лауазымына көбейеді.

440. Изолятор санитары лауазымы санаторийлерде былай белгіленеді:

50 төсекке - 1 лауазым;

51-100 төсекке - 2 лауазым

101-250 төсекке - 3 лауазым.

441. Туберкулезді менингиттен кейінгі реконвалесцент балаларға арналған 50 және одан да көп төсек бар санаторийлерде физиотерапия кабинетінің қызмет көрсетуі үшін 1 лауазымы белгіленеді.

442. Озокерит-балшықпен емдеу кабинеттері болған жағдайда санаторийлерде қосымша былай белгіленеді:

50-100 төсекке - 1 санитар лауазымын белгіледі;

51-100 төсекке – 1,5 санитар лауазымын белгіледі.

443. Гипс салу кабинетін қызмет көрсетуі үшін санитар лауазымы сүйек туберкулезімен ауыратын балаларға арналған санаторийлерде былай белгіленеді:

75-100 төсекке – 0,5 санитар лауазымы белгіледі;

101-250 төсекке – 1 санитар лауазымы белгіледі.

444. Асхана санитарының лауазымы активті туберкулез түрімен науқас және сүйек туберкулезімен науқас балаларға арналған санаторийлерде 30 төсекке – 1 лауазым белгіленеді.

445. Сүйек-туберкулез санаторийлерінде 50 төсекке – науқастарды тасымалдау мен сүйемелдеуші санитардың 1 лауазымы белгіленеді.

446. 75 және одан көп төсек бар санаторийлерде шаруа-бикесі белгіленеді. Екі немесе одан көп корпустарда 150 және одан көп төсек орналасқан санаторийлерде 2 шаруа-бикесі лауазымы белгіленуге рұқсат етіледі.

447. Педагогикалық бөлім меңгерушісінің лауазымы мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған барлық санаторийлерде 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

448. Тәрбиешілердің лауазымы 1 лауазым есебінен былай белгіленеді:

50 төсекке – 3 жасқа дейінгі балаларға арналған санаторийлер, бөлімшелер, барлық бейінді палаталарда;

30 төсекке – 3 жастан жоғары сүйек туберкулезімен ауыратын балаларға арналған санаторийлер, бөлімшелерде, барлық бейінді палаталарда;

449. Тәрбие жұмыстарын екі ауысымда жүргізу барысында 3 жастан асқан мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға, егер мұғалім-тәрбиелеуші лауазымы белгіленбеген болса, санаторийлердің, бөлімшелердің және палаталардың бейініне сәйкес қосымша 30, 15 немесе 25 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

450. Музыка жетекшісінің лауазымы санаторийлерде былай белгіленеді:

50-125 төсекке – 0,5 лауазым;

125-тен көп төсекке – 1 лауазым;

Сүйек туберкулезімен ауыратын балаларға, санаторийлерде және бөлімшелерде көрсетілген лауазым тек қана 7 жасқа дейінгі балаларға арналған санаторийлерде және бөлімшелерде енгізіледі .

451. Еңбек жөніндегі нұсқаушының лауазымы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған санаторийлерге және бөлімшелерге 50 балаға 0,5 лауазым белгіленеді.

452. Санаторийлердегі балалар үшін 250 және одан да көп төсекке, сүйек туберкулезімен ауыратын балаларға, 100 баладан кем емес 7 жастан кішірек балаларға, педагогикалық бөлімнің мектеп жасына дейінгі бөлімшесінің қосымша меңгеруші лауазымын белгілеуге рұқсат етіледі.

453. Бастауыш, жеті жылдық және орта мектеп мұғалімдері лауазымдарын сүйек туберкулезді мектептер мен туберкулез санаторийлері үшін бекітілген оқу жоспары және сынып санына байланысты белгілейді.

454. Бастауыш, жеті жылдық және орта мектептері сыныптарында 10-нан кем емес және 20-дан аспайтын оқушы санына (туберкулез санаторийлерінде -10-нан кем емес және 25-тен аспайтын оқушы санына) белгіленеді.

455. Балалар бөлімшелерінің медициналық және педагогикалық қызмтеккерлерінің штаттары, ересектерге арналған санаторийлерде ұйымдастырылатын, балалар санаторийлеріне арналған штат нормативтеріне сәйкес белгіленеді. Балалар бөлімшесінің бас мейірбикесі лауазымы бөлімшеде 25 және одан көп төсек болған жағдайда белгіленеді.

§3. Нерв жүйесі бұзылған шектеулі, психикасы бұзылған және мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған оңалту орталықтарының штат нормативтері

456. Бөлімшелер (палаталар, бөлмелер) дәрігерлерінің лауазымдары мынадай төсек санына 1 лауазым есебінен белгіленеді:

новропатолог-дәрігер	15;
педиатр-дәрігер	30;
офтальмолог-дәрігер	300;
травматолог-ортопед дәрігер	150;
функциялық диагностика дәрігері	100;
генетик дәрігер	300;
психиатр дәрігер	150;
әдіскер дәрігер	150;
статистик дәрігер	150;
науқас балаларға күтім жасаумен айналысатын тұлғаларды емдейтін терапевт дәрігер	150;
инемен емдеу дәрігері	100;
биологиялық кері байланыс кабинетінің дәрігері	300;

457. Диетолог дәрігер лауазымы балалар стационарына арналған мөлшер бойынша белгіленеді.

458. Стоматолог-дәрігер лауазымдары 150 төсекке 1 лауазым есебінен тағайындалады, бірақ 75 төсектік ұйымдарда 0,5 лауазымынан кем емес бекітіледі.

459. Бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымына 300 және одан аса төсек болғанда белгіленеді.

460. Мейірбике лауазымдарына (палаталық) 20 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен тағайындалады.

461. Оқшаулаушы мейірбике лауазымдарына 100 төсек санына 1 лауазым есебінен тағайындалады . 300 және одан аса төсек ұйымдарда тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост белгіленеді.

462. Гипс салу кабинетінің мейірбикесі лауазымдарына 125 төсекке 1 лауазым есебінен жұмыс көлемі бар болса белгіленеді.

463. Емдәмдік мейірбике лауазымдарына ұйымдарда:

75 дейінгі төсек саны – 0,5 лауазым;

80-250 төсек саны – 1 лауазым;

250-ден аса төсек саны – 1 лауазым және әрбір келесі 200 төсек санына 1 лауазым қосымша белгіленеді.

464. Райттерапия (иппотерапия) жөніндегі нұсқаушы лауазымдарына ұйымға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

465. Хауыз болған жағдайда жүзу (гидрокинезотерапия) жөніндегі нұсқаушы лауазымына ұйымға 1 лауазым есебінен тағайындалады.

466. Аэросолярийде немесе аэротерапияға арнайы бейімделген верандалар мен жабдықталған жағажайда қызмет көрсететін мейірбике лауазымына 250 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

467. Бас мейірбике лауазымына 200 төсек саны бар болғанда белгіленеді.

468. Санитар лауазымына (палаталық) 25 төсекке тәулік бойы жұмыс істейтін 1 пост есебінен белгіленеді.

469. Науқастарды емдік-диагностикалық кабинеттерге тасымалдайтын және алып жүретін санитар лауазымына 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

470. Оқшаулаушы санитар лауазымына оқшаулаушы мейірбикесі лауазымына тиісінше белгіленеді.

471. Гипс салу кабинетінің санитары лауазымына гипс салу кабинетінің мейірбикесі лауазымына тиісінше тағайындалады, бірақ 1 лауазымнан көп емес.

472. Аэролярийде немесе аэротерапияға арнайы бейімделген верандалар мен жабдықталған жағажайда қызмет көрсететін санитар лауазымына мейірбике лауазымына тиісінше белгіленеді.

473. Санитар-бұлаулаушы лауазымына 40 төсекке 1 лауазым есебінен бөлімге 1 лауазымнан кем емес белгіленеді.

474. Емдік денешынықтыру және хауызға арналған залға санитар лауазымына зал үшін 1 және хауыз үшін бөлек 1 лауазым есебінен белгіленеді.

475. Шаруа-бикесі лауазымы 200 төсекке - 1 лауазым және қосымша әрбір келесі 100 төсек санына (200-ден тыс) 0,5 лауазым, бірақ бір лауазымнан кем емес белгіленеді.

476. Санитар-буфетші лауазымына 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

477. Педагог әдіскер лауазымына (педагогикалық бөлім меңгерушісі) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған барлық ұйымдарда 100 және одан аса төсек санына қарай тағайындалады.

478. Тәрбиеші лауазымына 15 төсек санына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

479. Музыкалық басшы лауазымдарына ұйымдарда:

50-125 төсек санына – 0,5 лауазым;

125 төсектен тыс – 1 лауазым белгіленеді.

480. Логопед лауазымы 10 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

481. Дефектолог лауазымына 10 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

482. Психолог лауазымына 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

483. Әлеуметтік педагог лауазымы 100 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

484. Еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы лауазымына 100 төсек санына 1 лауазым есебінен тағайындалады.

485. Ортездік-протездік шеберханаға мына лауазымдар тағайындалады:

меңгеруші - 1 ставка;

ортезист 75 төсекке 1 лауазым есебінен;

аға техник ортезист 100 төсекке 1 лауазым;

техник ортезист 50 төсекке 1 лауазым.

§4. Ересектерге арналған санаторийдің штат нормативтері

486. Санаторийдің бас дәрігерінің медициналық бөлімі жөніндегі орынбасары лауазымына 250 және одан көп төсек саны бар санаторийлерде белгіленеді.

487. Санаторийдің бөлім меңгерушісі лауазымы әрбір 150 төсекке белгіленеді. Бөлім меңгерушісі консультация берумен қатар дәрігердің белгіленген мөлшеріне қосымша науқастың 0,5 ставкаға жүргізеді.

488. Хирургиялық бөлімше меңгерушісі лауазымы туберкулезбен ауыратын науқастарға және жарақат салдары бар науқастарға арналған 75 және одан көп хирургиялық төсегі бар санаторийлерде белгіленеді.

489. Дәрігер лауазымы 50 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді. Өкпе туберкулезінің белсенді түрімен, бүйрек туберкулезімен және зәр шығару жолы ауруларымен ауыратын науқастарға арналған санаторийлерде дәрігер лауазымы 40 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

Науқастардың ауыр құрамы бар бөлімшелерде (миокардтың бастан өткерген инфаркті, айқындалған коронаросклероз, асқазанның ойық-жарасы және өршу сатысындағы ұлтабар ойықжарасы және т.с.с.) 30 төсекке 1 терапевт-дәрігер лауазымы есебінен белгіленеді.

490. Диетолог-дәрігер лауазымы 200 төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді. Диетолог-дәрігер өзінің негізгі жұмысымен қатар дәрігердің белгіленген мөлшеріне қосымша науқастың 50 % жүргізеді.

491. Хирург-дәрігер лауазымы туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған және жарақат салдары бар науқастар мен ас қорыту мүшелерінің аурулары бар науқастарға арналған 20 кем емес хирургиялық төсек саны бар санаторийлерде және 40 және аса хирургиялық төсек саны бар санаторийлерде 2 лауазым тағайындалады. Хирург-дәрігер операция жасаумен қатар 20 науқасты жүргізеді.

492. Туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған және жарақат салдары бар науқастар мен ас қорыту мүшелерінің аурулары бар науқастарға арналған 10 хирургиялық төсек саны бар санаторийлерде хирург-дәрігердің 0,5 лауазымы, ал 50 және одан көп хирургиялық төсек саны бар санаторийлерде - әрбір 25 төсек санына хирург-дәрігердің 1 лауазымы белгіленеді.

493. Қажет болған жағдайда консультация өткізу кезінде басқа мекемелерден маман-консультанттарды шақыруға рұқсат етіледі. Ақыл-кеңеске ақы төлеу санаторий сметасы бойынша еңбекақы қорында ескерілуі мүмкін.

494. Дәрігерлер кезекшілігі 150 және одан көп төсек саны бар санаторийлерде түнгі уақытта ұйықтау құқығымен оларға белгіленген жұмыс уақытының айлық мөлшері есебіне арнайы кесте бойынша штаттағы дәрігерлердің кезекшілігі жолымен ұйымдастырылады. Дәрігерлер кезекшілігі санаторий дәрігерлерінің штаттық құрамымен қамтамасыз етілуі мүмкін болмаған жағдайларда еңбекақы қорында негізгі лауазымы бойынша оларға белгіленген айлық уақыт мөлшерінен тыс санаторийдің штаттағы дәрігерлерімен орындалатын кезекшілікке ақы төлеуге арналған арнайы қаржы бөлу қарастырылған болуы тиіс: а) өкпе туберкулезінің белсенді түрімен; б) ас қорыту мүшелерінің; в) қанайналым мүшелерінің аурулары бар науқастарға арналған санаторийлерде, курорттан тыс немесе курортта бірақ басқа санаторийлерден алыстау орналасқан санаторийлерде дәрігерлер кезекшілігі ондағы төсек санына қарамастан ұйымдастырылады. Дәрігерлер кезекшілігі қарастырылмаған санаторийлерде шұғыл көмек көрсету үшін санаторий дәрігері шақырылады, нақты шығындаған уақытына ақы төленеді.

495. Туберкулезді санаторийлерде (палаталық) мейірбике лауазымдары:

50-75 төсекке 5 лауазым;

75 және одан көп төсекке 5,5 лауазым;

әрбір 25 төсекке 1 лауазым қосылады – 75-тен астам есебінен белгіленеді.

Басқа да бейінді санаторийлерде:

50-75 төсекке 4 лауазым;

75 және одан көп төсекке 4,5 лауазым;

әрбір 35 төсекке 75 аса 1 лауазым қосылады.

50-ден 75 дейін төсегі бар туберкулездік емес санаторийлерде аға мейірбике палаталарда кезекшілікті атқаруға тартылуы мүмкін.

496. Емшара кабинетінің мейірбикесі лауазымы 100 төсекке белгіленеді.

497. Суем қызмет көрсететін мейірбике лауазымы санаторийге 1 лауазым есебінен белгіленеді . Санаторийде тиісті жабдығы бар радиобелсенді ванна бөлмесіне арналған ерітінді дайындайтын зертхана бар болған жағдайда 0,5 мейірбике лауазымы қосымша белгіленеді.

498. Балшық емшарасын босататын мейірбике лауазымы 90 және аса балшық емшарасына 1 лауазым есебінен белгіленеді.

499. Өкпе туберкулезінің белсенді түрімен ауыратын науқастарға арналған санаторийлерде отоларингология кабинетінің мейірбикесі лауазымы отоларинголог-дәрігер лауазымдарына тиісінше белгіленеді.

500. Ингаляторияда қызмет көрсететін мейірбике лауазымы ингаляториясы бар санаторийлерде 0,5 лауазым есебінен 4 орынға белгіленеді.

501. Жағажайда қызмет көрсететін мейірбике лауазымы санаторийде дербес жағажайы бар болса :

75-200 төсекке 0,5 лауазым;

200 және одан көп төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

502. Аэросолярийде немесе аэротерапияға арнайы бейімделген верандаларда (қаптарда қысқы жатуға арналған) қызмет көрсететін мейірбике лауазымы санаторийде:

75-200 төсекке 0,5 лауазым;

200 және одан көп төсекке 1 лауазым есебінен белгіленеді.

503. Емдәмдік мейірбике лауазымы санаторийде:

50-150 төсекке 1 лауазым;

150-250 төсекке 1,5 лауазым.

250-450 төсекке 2 лауазым

450 және одан көп төсекке 2,5 лауазым есебінен белгіленеді.

504. Стоматолог лауазымы:

100-200 төсекке 0,5 лауазым;

200-450 төсекке 1 лауазым.

450 және одан көп төсекке 1,5 лауазым есебінен белгіленеді.

505. Жұмыс істеп тұрған қондырғыға қызмет көрсететін дезинфектор лауазымы тек қана туберкулездік санаторийлерге белгіленеді.

506. Медициналық тіркеуші лауазымы 100 және одан аса төсек саны бар санаторийлерде белгіленеді.

507. Операция және байлайтын бөлме мейірбикесі лауазымдары қосымша туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған және жарақат салдары бар науқастар мен асқазан-ішек аурулары бар науқастарға арналған 20 кем емес хирургиялық төсек саны бар санаторийлерде белгіленеді.

508. 2 және одан көп жекеленген корпустары бар санаторийлерде белгіленген палаталық мейірбике саны 25 кем емес төсек саны бар әр корпусқа 1 мейірбике лауазымы болып көбейеді, бірақ санаторийге 3 лауазымнан аспайтын мөлшерде.

509. Ересектер мен жасөспірімдерге арналған туберкулез санаторий штатында еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы лауазымы:

75-100 төсек санына 1 лауазым;

әрбір келесі 100 төсек санына 1 лауазым есебінен тағайындалады.

510. (палаталық) санитар лауазымы:

туберкулезді санаторийде 50-75 төсек санына 9 лауазым белгіленеді. Әрбір 75-тен асатын 8 төсек санына 1 лауазым қосылады.

Басқа да санаторийлерде 50-75 төсек санына 6 лауазым белгіленеді. Әрбір 75 асатын 13 төсек санына 1 лауазым қосылады.

2 және одан да көп бір-бірінен жекеленген корпусы бар санаторийлерде белгіленген санитар саны кемінде 25 төсек саны бар әр корпусқа 2 лауазымға көбейеді.

511. Туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған және жарақат салдары бар науқастар мен асқазан-ішек аурулары бар науқастарға арналған 20 кем емес төсек саны бар хирургиялық палатасы бар санаторийлерде қосымша санитар (палаталық) және науқастарды тасымалдайтын және сүйемелдейтін санитар лауазымы белгіленеді.

512. Отоларингология бөлімі бар өкпе-туберкулез санаторийлерінде қосымша санитар (палаталық) лауазымы белгіленеді.

513. Қабылдау бөлмесінің қызмет көрсетуі үшін 100 және одан аса төсек санына арналған санаторийлерде қосымша 1 санитар лауазымы белгіленеді.

514. Душ бөлмесі кафедрасымен және басқа да душқа арналған қондырғысы бар суемханасы бар санаторийлерде санитар-душер лауазымы белгіленеді.

515. Санаторий жанындағы емдік ванналарды босатуға арналған бөлімшелерде:

әрбір 4 ваннаға 1 санитар-ваннашы лауазым;

әрбір 8 ваннаға 1 санитар-сыпырушы лауазымы белгіленеді.

516. Санаторий жанындағы балшықпен емдеу бөлімшелерінде:

әрбір 3 балшық кушеткасына ембалшық аппликациясын жіберу жөніндегі 1 санитар-балшықшы лауазымы;

әрбір 4 балшық кушеткасына балшықты әкелу, жылыту және брезенттерді апару үшін 1 санитар-балшықшы лауазымы;

гинекологиямен ауыратын науқастарға қызмет көрсету үшін әрбір 2 креслоға 1 санитар лауазымы;

10 балшық кушеткасына 1 санитар-сыпырушы лауазымы белгіленеді.

517. Санаторий жанындағы жағажай санитары лауазымы әрбір 50 ағаш тапшанға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

518. Аэросолярийде немесе аэротерапияға арнайы бейімделген верандаларда (о.і. қаптарда ауада жатуға арналған) қызмет көрсететін санитар лауазымы ең кемінде 25 ағаш тапшан бар болғанда белгіленеді.

519. Ең жақын теміржол станциясынан немесе кемежайдан 10 км-ге және одан аса орналасқан және тоқтайтын жері бар санаторийге келетін және кететін науқастар үшін ең кемінде 6 төсек саны бар санаторийге 2 санитар лауазымы белгіленеді.

520. Сүйек-туберкулез санаторийінде науқастарды тасымалдау және алып бару жөніндегі санитар лауазымы әрбір 20 науқасқа 1 лауазым есебінен белгіленеді.

521. 400 және одан аса төсегі, 2 және одан аса ұйықтайтын корпусы бар санаторийлерде 2 шаруа-бикесі лауазымы белгіленеді.

§5. Дәріхана персоналы

522. Дәріхана меңгерушісі-провизор лауазымы 150 және одан аса төсек саны бар ең жақын дәріханадан 3 км және одан аса алыстағы жеке орналасқан санаторийлерде (курорттан тыс), 150-ге жуық төсегі бар санаторийлерде дәріхана меңгерушісі лауазымының орнына – провизор-технолог немесе фармацевт лауазымы белгіленеді.

450 және одан көп төсегі бар, курорттан тыс орналасқан, ең жақын дәріханадан 3 км және одан астам алыстатылған санаторийлерде қосымша провизор-технолог немесе фармацевт лауазымы белгіленеді.

523. Дәріхана санитары лауазымы жұмыс істейтін санитарлар нормативінің шегінде енгізілуі мүмкін.

7-тарау. Балалар үйінің қызметкерлер құрамының штат нормативтері

524. Педиатр-дәрігерлерінің лауазымы Балалар үйіндегі (жалпы типті) 40 балаға 1 лауазым және 20 балаға педиатр-дәрігерлерінің 1 лауазымы маманданған Балалар үйіне белгіленеді.

525. Отоларинголог-дәрігерінің лауазымы мамандырылған Балалар үйіндегі есту және тіл қабілеті бұзылған 45-100 балаға 0,5 лауазымы белгіленеді.

526. Невропатолог дәрігерлерінің лауазымы мамандандырылған Балалар үйіне Балалар үйіндегі органикалық зақымданған орталық жүйке жүйесі церебральды сал ауруымен ауыратын психикалары бұзылған балалар үшін 30-70 балаға 0,5 лауазымы, 70-тен астам балаға 1 лауазым белгіленеді.

527. Балалар үйіндегі (жалпы типті) мейірбикелердің лауазымы 40 балаға 1 лауазымы және мамандандырылған Балалар үйіндегі 20 төсекке 1 тәулік бойғы күзет есебінен белгіленеді.

75 және одан да көп орны балалар үйлерінде жұмыс көлеміне қарамай, соның ішінде 6 және одан көп төсектік изоляторда немесе карантиндегі балаларға қызмет көрсету бойынша бір тәулік бойы қолданыстағы медициналық бике лауазымдарының қажетті қосымша саны белгіленеді.

528. Физиотерапия бойынша мейірбикелердің лауазымы қолданыстағы штат нормативтері бойынша ауруханалардың физиотерапия бөлімшелеріне белгіленеді.

529. Балалар үйіндегі массаж жасайтын мейірбикелердің және қажетті жәрдем қозғалыс функция аппаратының зақымдалуы бойынша емдік дене шынықтыру әдіскерінің лауазымы органикалық зақымданған орталық жүйкелік церебральды сал ауруымен ауыратын психикалары бұзылғанмаған балалар үшін қолданыстағы штат нормативтері бойынша ауруханалардың физиотерапия бөлімшелеріне белгіленеді.

530. Емдік тамақтандыру мейірбикелердің лауазымы ұйымға 1,0 лауазым есебінен белгіленеді.

531. Патронаж мейірбикесінің лауазымы ұйымға 1,0 лауазым есебінен белгіленеді.

532. Бас мейірбикесінің лауазымы ұйымға 1,0 лауазым есебінен белгіленеді.

533. Тәрбиешінің лауазымы 15 жасқа дейінгі 10 балаға және органикалық орталық жүйке жүйесі зақымданған церебральды сал ауруымен ауыратын психикалары бұзылған балалар үшін немесе психикалары бұзылмаған балаларға, 1,5 жастан 2 жасқа дейін, 13 балаға, 1,8 жастан 2 жасқа дейін 15 балаға 1 тәулік бойы жұмыс істейтін пост есебінен белгіленеді.

534. Бас тәрбиешінің лауазымы белгіленеді:

30-50 балаға 0,5 лауазым, 51 және одан да көп балаға 1 лауазым.

535. Орталық жүйкелері органикалық зақымдалған, оқытуға және тәрбиелеуге келмейтін балалар үшін балалар үйлерінде, тәрбиеші лауазымдарын мейірбике лауазымдарына ауыстыруға болады .

536. Сурдологопед лауазымдары есту қабілетінің бұзылуымен (саңырауларға, құлақтарының мүкісі барларға, керең-мылқауларға, керең болып қалғандарға) 1,5 жастан бастап 8 балаға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

537. Логопедтердің лауазымы(жалпы типті) балалар үйлеріндегі 1,5 жастағы 15 балаға, орталық жүйкелері органикалық зақымдалған, жақ сүйек-бет маңайы патологиясынан, дизартриядан, алалиядан, тұтығудан зардап шегетін 8 балаға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

538. Психолог лауазымы мамандандырылған балалар үйіндегі 70 балаға 0,5 ставка есебінен белгіленеді, 70 баладан көп болса 1 лауазым есебінен белгіленеді.

539. Музыкалық қызметкер лауазымы ұйымға 1,0 лауазымы белгіленеді.

540. Күтуші-санитар лауазымы 6-дан 22 сағатқа дейінгі жұмыс мерзіміне көрсетілген уақытта (жұмыс күннің созылу өзгешелігін есепке алумен) топтармен жұмыс жасау үшін қарастырылған тәрбиеші лауазымының санына сәйкес белгіленеді.

541. Психиканың бұзылуымен немесе бұзылуынсыз жүретін орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдалуы бар Балалар үйіндегі 10 балаға шаққанда 1 тәулік бойы жұмыс істейтін пост есебінен күтуші-санитар лауазымы белгіленеді.

Балалар үйлеріндегі изолятордағы орташа білімді медицина қызметкерлерінің көмегімен күтілмейтін 6 және одан да көп орындағы балаларды күтуге қажетті қосымша күтушілердің лауазымы белгіленеді.

542. Аспазшы лауазымы белгіленеді: 80 төсекке дейін Балалар үйіне 2 бірлік; 80-100 төсектен астам Балалар үйіне 2,5 бірлік; әрбір 50 (100-ден тыс) төсекке қосымша 2,5 бірлік.

2-бөлім. Жедел медициналық көмек станциялары мен бөлімшелерінің үлгілік штаттары және штат нормативтері

543. Жедел медициналық көмек станциялары мен бөлімшелерінің үлгілік штаттары және штаттық нормативтері Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 6-қосымшаға сәйкес белгіленеді

3-бөлім. Қан орталықтарының үлгілік штаттары және штат нормативтері

544. Жылына қанды және оның компоненттері донация мөлшеріне байланысты қан орталықтардың 4 санатқа бөлінеді:

1-санат - жылына 20000 астам донация;

2-санат - жылына 15000-нан 20000-ға дейінгі донация;

3-санат - жылына 10000-нан 15000-ға дейін донация;

4-санат - жылына 5000-нан 10000-ға дейін донация.

Қан орталықтарының (бұдан әрі - ҚО) штат кестесі санаттарға сәйкес айқындалады.

Ескерту. 544-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

545. Плазманы фракциялау әдісімен қан препараттарына қайта өңдеумен айналысатын ҚО қайта өңдеу көлеміне қатысты қосымша штаттар белгіленеді. Донор қанының өнімдері мыналардан тұрады:

1) донор қанының емдік мақсатқа жарамды компоненттері (өндірудің, бақылаудың сатыларынан өткен және емдеу желісіне беру үшін өнімдерді беру бөлімшесіне немесе экспедицияға берілген дайын өнім);

2) диагностикалық стандарттар дайындауға арналған донор қанының компоненттері (диагностикалық стандарттар дайындауға пайдаланылған, емдеу желісінде қолдануға жарамды, өндіру, бақылау сатыларынан өткен және емдеу желісіне беру үшін дайын өнімдер қоймасына немесе экспедицияға тапсырылған донор қанының компоненттері (шикізат);

3) қан препараттарын өндіруге берілген донор қанының компоненттері (қан препараттарын өндіруге жарамды және дайындаушы-ұйымдарға берілген плазманың барлық түрлері (шикізат);

4) зертханалық зерттеулерге арналған консервантсыз дайындалған қан.

Ескерту. 545-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

546. Директордың мейірбике ісі жөніндегі орынбасары - 1-2-санаттағы ҚО - 1 лауазым, бас мейірбике - 3-4-санаттағы ҚО - 1 лауазым. Инфекциялық бақылау мейірбикесі 1-санаттағы ҚО - 1,5 лауазым, 1-санаттағы ҚО - 1 лауазым. Шаруашылық бикесі - 1-4-санаттағы ҚО - 1 лауазым.

Ескерту. 546-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

546-1. Ғылыми зерттеулер менеджменті бөлімі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі - Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы) құрылады және 1 бөлім меңгерушісі лауазымы және 3 ғылыми қызметкер лауазымы көзделеді.

Ескерту. Үлгілік штаттар 546-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

546-2. Өңірлермен жұмыс істеу бөлімі Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығында құрылады және 1 бөлім меңгерушісі лауазымын және 3 дәрігер (қызметкер) лауазымы көзделеді.

Ескерту. Үлгілік штаттар 546-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8-тарау. Донорларды жасақтау тобының үлгі штаттары мен штат нормативтері

§1. Донорлармен толықтыру бөлімшесі

547. Бөлімше меңгерушісінің лауазымы әр ҚО-да белгіленеді.

Ескерту. 547-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

548. Терапевтердің, трансфузиологтардың лауазымдары ҚО санатына қарамастан күніне 30 донор қабылдауға 1 лауазым есебінен белгіленеді.

Ескерту. 548-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

549. Ұйымдардағы, кәсіпорындардағы, оқу орындарындағы халықпен ағарту-үгіт жұмысы жөніндегі дәрігер (терапевт, трансфузиолог) лауазымы бір бөлімшеге 1 лауазым есебінен белгіленеді.

550. Бөлімшенің аға мейірбикесі лауазымы бөлімше меңгерушісінің лауазымына сәйкес белгіленеді.

551. Халықты үгіттеуге және донорлыққа жоспарлы даярлауға арналған донорлықты ұйымдастыру жөніндегі маман лауазымы 1-2-санаттағы ҚО 2 лауазым есебінен белгіленеді.

Ескерту. 551-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

552. Мейірбикелер лауазымдары барлық ҚО-да 1-санаттағы ҚО үшін 3,5 лауазым, 2-4-санаттағы ҚО үшін 2 лауазым есебінен белгіленеді.

Ескерту. 552-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

553. Медициналық тіркеуші лауазымдары 1-санаттағы ҚО үшін 3,5 лауазым, 2-санаттағы ҚО - 3 лауазым, 3-4-санаттағы ҚО - 2,5 есебінен белгіленеді.

Ескерту. 553-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

554. Санитар лауазымдары 1-2-санаттағы ҚО - 2 лауазым, 3-4-санаттағы ҚО - 1,5 лауазым есебінен белгіленеді.

Ескерту. 554-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

555. Санитар-буфетші лауазымдары 1-2-санаттағы ҚО-да 2 лауазым және 3-4-санаттағы ҚО-да 1 лауазым есебінен белгіленеді.

Ескерту. 555-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§2. Бірыңғай донор орталығы

556. Бірыңғай донорлық орталық (бұдан әрі - БДО) әрбір ҚО-да құрылады. 1-2-санаттағы ҚО БДО-да фельдшер (мейірбике) 3 лауазымы және 3 медициналық тіркеуші лауазымы көзделген. 20000-нан артық донацияның әр 5000-на фельдшердің (мейірбике) қосымша 1 лауазымы және медициналық тіркеушінің 1 лауазымы енгізіледі. 3-4-санаттағы ҚО БДО-да фельдшер (мейірбике) 1 лауазымы және 1 медициналық тіркеуші лауазымы қарастырылған. 5000-нан артық донацияның әр 2500-на медициналық тіркеушінің қосымша 1 лауазымы енгізіледі.

Ескерту. 556-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§3. Көшпелі бригаданың үлгілік штаттары

557. Трансфузиолог-дәрігердің 1, мейірбикенің 1,5, зертханашының 1,5, медициналық тіркеушінің 1,5 және санитардың 2 лауазымы 1 бригада есебінен белгіленеді. Бригадалар саны көшпелі жағдайдағы қан тапсырудың жылдық санына байланысты белгіленеді: жылына 5 мыңға дейінгі донацияға - 1 бригада, жылына 5 мыңнан 10 мыңға дейінгі донацияға - 2 бригада, 10 мыңнан артық донацияға - 3 бригада.

Ескерту. 557-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

558. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

559. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

560. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

9-тарау. Қанды дайындау және компоненттеріне қайта өңдеу тобының үлгі штаттары мен штат нормативтері

§1. Қанды дайындау және оны компоненттерге қайта өңдеу бөлімшесінің үлгі штаттары

561. Бөлімше меңгерушісінің, аға мейірбикенің және шаруашылық бикесінің лауазымдары әр ҚО-да белгіленеді.

Ескерту. 561-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

562. Қан дайындау тобы үшін мына лауазымдар белгіленеді:

1) трансфузиолог-дәрігер, операция мейірбикесі (эксфузионист), санитар лауазымдары ҚО санатына қарамастан күніне 20 донорды қабылданғанда қызметкердің әр санатына 1 лауазым;

2) медициналық тіркеуші лауазымы қан орталықтарының санатына қарамастан күніне 20 донорды қабылдауға 1,0 ставка есебінен.

Ескерту. 562-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

563. Плазмацитаферез тобы үшін мына лауазымдар белгіленеді: трансфузиолог-дәрігер, операция мейірбикесі (эксфузионист), медициналық тіркеуші, аппаратшы және санитар лауазымдары қан ҚО санатына қарамастан, күніне 20 донор қабылданғанда қызметкерлердің әр санатына 1,5 ставка есебінен белгіленеді.

Плазманы дискретті әдіспен дайындағанда 0,5 трансфузиолог-дәрігердің және 1 ставка мейірбике (эксфузионист) лауазымдары енгізіледі.

Ескерту. 563-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§2. Қан компоненттерін карантиндеу, іріктеу және уақытша сақтау бөлімінің үлгі штаттары

Ескерту. 2-параграф жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

564. Трансфузиолог-дәрігер, мейірбике, медициналық тіркеуші, санитар лауазымдары ҚО санатына қарамастан, жылына 5000 қан тапсырғанда қызметкерлердің әр санатына 1 ставка есебінен белгіленеді. Белгіленген трансфузиолог-дәрігері лауазымдарынан бөлімше меңгерушісінің 1 лауазымы айқындалады.

§3. Қан компоненттерін өндіру бөлімшесінің үлгі штаттары

Ескерту. 3-параграф жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

565. Трансфузиолог-дәрігер лауазымы ҚО санатына байланысты, сондай-ақ басқа компоненттерін (тромбоконцентрат, лейкоциттері мен тромбоциттері азайтылған эритроциттер массасы, криопреципитат және тағы басқаларды) дайындау үшін 1-санаттағы ҚО-да - 1,5 лауазым, 2-санаттағы ҚО-да - 1,25 лауазым, 3-4-санаттағы ҚО-да - 1 ставка есебінен белгіленеді.

Қан компоненттерін қайта өңдеудің қосымша әдістерін - лейкофилтрлеу, вирусинаятивациялау, гамма-сәулелендіру үшін трансфузиолог-дәрігердің қосымша 1 ставкасы енгізіледі.

566. Мейірбике лауазымы 1-2-санаттағы ҚО-да - 3, 3-4-санаттағы ҚО-да - 1,5 ставка есебінен ҚО санатына қарай белгіленеді.

Қан компоненттерін лейкофилтрлегенде 1-2-санаттағы ҚО-да мейірбикенің 1,5, 3-4-санаттағы ҚО-да - 1 ставкасы; қан компоненттерін гамма-сәулелдіру жүргізгенде 1-2-санаттағы ҚО-да мейірбикенің 1,5, 3-4-санаттағы ҚО-да - 1 ставкасы; қан компоненттеріне вирустазартуды жүргізгенде 1-2-санаттағы ҚО-да мейірбикенің 1,5 және 3-4-санаттағы ҚО-да - 1 ставкасы қосымша енгізіледі.

567. Медициналық тіркеуші лауазымы трансфузиолог-дәрігері лауазымына сәйкес белгіленеді.

568. Аппаратшы (центрифугалау, ішкі тасымалдау және тағы басқалары) және санитар лауазымдары ҚО санатына байланысты 1 дәрігер ставкасына 1,25 ставка есебінен белгіленеді.

§4. Өнімді беру тобының үлгі штаттары

569. Бөлім меңгерушісінің лауазымы 1-4-санаттағы ҚО үшін 1 ставка есебінен белгіленеді. Трансфузиолог-дәрігер (консультант) лауазымы 1-2-санаттағы ҚО-да 1 ставка және 3-4-санаттағы ҚО-да 0,5 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 569-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

570. Аға мейірбике лауазымы 1-4-санаттағы ҚО үшін 1 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 570-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

571. Мейірбике лауазымы 1 тәулік бойы жұмыс істейтін немесе бөлімшеге 5 ставка есебінен белгіленеді.

572. Санитар лауазымы 1-2-санаттағы ҚО-да - 1,5 ставка, 3-санаттағы ҚО-да 1,25 лауазым, 4-санаттағы ҚО-да - 1 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 572-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

10 тарау. Қанды тестілеу тобының үлгілік штаттары мен штат нормативтері

§1. Қанды тестілеу бөлімшесінің үлгілік штаттары мен штат нормативтері

Ескерту. 1-параграф жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

573. Бөлімше меңгерушісінің лауазымы әр қан орталығында белгіленеді.

574. Зертханашы-дәрігер (зертхана мамандары) лауазымдары ҚО санатына байланысты клиникалық және клиникалық-биохимиялық зерттеулер үшін 1-санаттағы ҚО-да - 4 лауазым, 2-санаттағы ҚО-да - 3 лауазым, 3-санаттағы ҚО-да - 2, 4-санаттағы ҚО-да - 1 лауазым есебінен белгіленеді.

575. Аға фельдшер-зертханашы (зертханашы) лауазымы бөлім меңгерушісі лауазымына сәйкес белгіленеді.

576. Фельдшер-зертханашы (зертханашы) лауазымы барлық ҚО-да, дәрігердің бір ставкасына 2 фельдшер-зертханашы (зертханашы) ставкасы есебінен белгіленеді.

577. Медициналық тіркеуші және санитар лауазымдары барлық ҚО дәрігердің және фельдшерлердің (жиынтық) 5 ставкасына медтіркеушінің бір ставкасы есебінен белгіленеді.

578. Диагностикалық стандарттар тобының зертханашы-дәрігердің (зертхана мамандары) лауазымдары 1-2-санаттағы ҚО-да 2 ставкадан, 3-4-санаттағы ҚО-да 1 ставкадан белгіленеді.

579. Үлгілеу және іріктеу тобының зертханашы-дәрігер (зертхана мамандары) лауазымдары 1-2-санаттағы ҚО-да 2 лауазымнан, 3-санаттағы ҚО-да 1,5 лауазымнан, 4-санаттағы ҚО-да 1 лауазымнан белгіленеді.

580. Фельдшер-зертханашы (зертханашы) лауазымдары зертханашы-дәрігері лауазымының санына сәйкес белгіленеді.

581. Аппаратшы (зертханашы) лауазымы 1-4-санаттағы ҚО-да бөлімшеге (құю, дәнекерлеу, белгілеу, қаптау) 1 ставка есебінен белгіленеді.

582. Диагностикалық стандарттары тобының санитар лауазымдары 1-2-санаттағы ҚО-да 2 лауазымнан, 3-4-санаттағы ҚО-да - 1 лауазым есебінен белгіленеді. Үлгілеу және іріктеу тобының санитар лауазымы 1-3-санаттағы ҚО-да 1 лауазымнан, 4-санаттағы ҚО-да - 0,5 лауазымнан белгіленеді.

§2. Изоиммунологиялық зертхананың штат нормативтері

Ескерту. 2-параграф алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§3. Сапаны бақылау бөлімі

586. Бөлімше меңгерушісі және аға зертханашы лауазымдары әр қан орталығында белгіленеді.

Ескерту. 586-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

587. Зертханашы-дәрігер (зертхана маманы), провизор лауазымдары 1-санаттағы ҚО-да 2 лауазымнан, 2-4-санаттағы ҚО-да 1 лауазымнан белгіленеді.

Ескерту. 587-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

588. Сапа жөніндегі менеджер лауазымы 1-санаттағы ҚО-да 2 лауазым, 2-4-санаттағы ҚО-да 1 лауазым есебінен белгіленеді.

Ескерту. 588-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

589. Фельдшер-зертханашы (зертханашы) лауазымы 1-2-санаттағы ҚО-да 3 лауазым, 3-4-санаттағы ҚО-да 1,5 лауазым есебінен белгіленеді.

Ескерту. 589-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

590. Санитар лауазымы 1-2-санаттағы ҚО-да 2 лауазым, 3-4-санаттағы ҚО-да 1 лауазым есебінен белгіленеді.

Бактериологиялық бақылау тобы үшін мынадай лауазымдар белгіленеді:

1) бактериолог-дәрігер лауазымы 1-2-санаттағы ҚО-да - 1 ставка, 3-4-санаттағы ҚО-да 0,5 ставка және әр 5000 литр плазмаға қан препараттарын дайындалғанда қосымша 0,25 ставка есебінен белгіленеді;

2) зертханашылар, фельдшер-зертханашы лауазымдары (жиынтық) ҚО санатына байланысты 1-2-санаттағы ҚО үшін 2 ставка, 3-4-санаттағы ҚО 1 ставка және әр 5000 литр плазмаға қан препараттарын дайындалғанда қосымша 1 ставка есебінен белгіленеді;

3) санитар лауазымдары ҚО санатына байланысты 1-2-санаттағы ҚО 3 ставка, 3-4-санаттағы ҚО 1,5 ставка, ал әр 5000 литр плазмаға қан препараттарын дайындау өндірісі болғанда, қосымша 0,25 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 590-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§4. Имунды плазманы дайындау және иммуноглобулинді жасау иммунологиялық зертхананың (топтың) үлгі штаттары

591. Зертханашы дәрігер (зертхана маманы) лауазымы ҚО-ның санатына байланысты, 3-4-санаттағы ҚО-да - 0,25 ставка, 2-санаттағы ҚО-да - 0,5 ставка және 1-санаттағы ҚО-да 1 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 591-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

592. Зертханашы (фельдшер-зертханашы) лауазымы ҚО-ның санатына байланысты, 3-4-санаттағы ҚО-да - 0,5 ставка, 2-санаттағы ҚО-да - 1 ставка және 1-санаттағы ҚО-да 1,5 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 592-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§5. Иммунологиялық HLA-үлгілеу зертханасының үлгі штаттары

593. Зертхана меңгерушісі лауазымы 1 ставка есебінен белгіленеді. Дәрігер-зертханашы (зертхана маманы) лауазымы зертханаға арналған 3,5 ставка есебінен бекітіледі.

Ескерту. 593-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

594. Зертханашы және санитар лауазымдары Қан орталығының (ҚО) санатына қарамастан әр зертханаға 2 ставка (жоғары білімді әр маманға) есебінен белгіленеді.

§6. ЖИТС, гепатиттер, мерез инфекцияларын диагностикалау зертханасының үлгі штаттары

595. Зертхана меңгерушісі және аға зертханашы лауазымдары әрбір зертханада белгіленеді.

596. Зертхана қызметкерлері лауазымдары екі ауысымды жұмыс және бір бригадаға күніне 180 сериялы ИФА (ИХЛА) және 9 ПТР (6-дан біріктіру) жүктемесін есепке алғанда, 5 дәрігердің ставкасы, 7 зертханашы (зертханашы-фельдшер) ставкасы, 3 тіркеуші ставкасы, 2 санитар ставкасы есебінен белгіленеді.

Ескерту. 596-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

597. Сарысу үлгілерін мұрағаттау тобы:

Зертханашы-дәрігердің лауазымы - 0,5 ставка, фельдшер-зертханашы - 1 ставка, медициналық тіркеуші - 1 ставка, санитар - 0,5 ставка.

Ескерту. 597-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

11-тарау. Функциялы қамтамасыз ету бөлімшесінің үлгі штаттары мен штат нормативтері

598. Материалдарды және ерітінділерді дайындау тобы үшін мынадай лауазымдар белгіленеді:

1) мейірбике лауазымы әр зертханада белгіленеді;

2) жуу бөлмесінің (пробиркалар, бөтелкелер, жамылғы әйнектер және тағы басқалары) аппаратшысы лауазымы ҚО санатын есепке ала отырып 3-4-санаттағы ҚО үшін 1,5 ставка және ҚО санатына байланысты бұдан әрі 1 ставкаға ұлғаю есебінен белгіленеді.

Ескерту. 598-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

599. Ерітінділерді дайындау бөлмесі үшін мынадай лауазымдар белгіленеді:

1) зертханашы-дәрігерлер (провизор) лауазымы 1-2-санаттағы ҚО үшін 1 ставка есебінен белгіленеді;

2) фармацевт (зертханашы, мейірбике) лауазымдары 1-2-санаттағы ҚО үшін 1 ставка және 3-4-санаттағы ҚО үшін 0,5 ставка есебінен белгіленеді;

3) санитар лауазымдары 1-2-санаттағы ҚО үшін 1,5 ставка және 3-

санаттағы ҚО үшін 1 ставка, 4-санаттағы ҚО-да 0,5 ставка есебінен

белгіленеді.

Ескерту. 599-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

600. Дистиллятор бөлмесі үшін мынадай лауазымдар белгіленеді:

1) мейірбике лауазымы 1-3-санаттағы ҚО үшін 1 ставка, 4-санаттағы ҚО үшін 0,5 ставка есебінен белгіленеді;

2) аппаратшы-автоклавер лауазыммы әр орталықта белгіленеді;

3) аппаратшы лауазымы 1-2-санаттағы ҚО үшін 1 ставка және 3-4-санаттағы ҚО үшін 0,5 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 600-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

601. Автоклав бөлмесі үшін мынадай лауазымдар белгіленеді:

1) мейірбике (автоклавер) лауазымы 3-4-санаттағы ҚО-да - 1,5 ставка және 1-2-санаттағы ҚО-да - 2,5 ставка есебінен белгіленеді;

2) санитар лауазымы 1-3-санаттағы ҚО-да 1 ставка және 4-санаттағы ҚО-да 0,5 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 601-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

602. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату тобы үшін мынадай лауазымдар белгіленеді:

1) мейірбике лауазымы барлық санаттағы ҚО-да 1 ставка есебінен белгіленеді;

2) аппаратшы-автоклавер лауазымы 1-3-санаттағы ҚО-да 1,5 ставка және 4-санаттағы ҚО-да 1 ставка есебінен белгіленеді;

3) санитар лауазымы 1-4-санаттағы ҚО үшін 1 ставка есебінен белгіленеді.

Ескерту. 602-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

§1. Қан препараттарын өндіру бөлімінің үлгі штаттары мен штат нормативтері

603. Өндіру бөлімінің меңгерушісі (зертханашы-дәрігер, провизор, фармацевт) – 1 лауазым.

604. Өндіріс жөніндегі инженер лауазымы жылына әрбір 5000 литр плазма фракцияланғанда, 1 ставка есебінен белгіленеді.

605. Шаруа-бикесі лауазымы фракцияланатын плазманың көлеміне қарамастан 1 ставка есебінен белгіленеді.

§2. Шикізатты толықтыру және плазманы фракциялау бөлімшесінің үлгі штаттары мен штат нормативтері

606. Зертханашы-дәрігерлер (провизорлар, технологтар) лауазымдары 5000 литрге дейін плазманы фракциялағанда 2 ставка, 5-15 тонна плазманы фракциялағанда, 3 ставка және әрбір келесі 5000 литрге дейін плазманы қосымша фракцияланған сайын 0,5 ставка есебімен екі ауысымдық жұмыс есебімен белгіленеді.

607. Аға мейірбике лауазымы әр бөлімде белгіленеді.

608. Зертханашы лауазымы аға медициналық бике лауазымына сәйкес белгіленеді.

609. Медбике лауазымы фракцияланатын плазманының 5 тоннасына 1 ставка және әрбір келесі 5 тонна плазманы қосымша фракцияланғанда 0,25 ставка есебінен белгіленеді.

610. Шикізатты жинақтау бойынша аппаратшы лауазымы фракцияланатын плазманының 5 тоннасына 1 ставка және жылына 15 тоннадан плазма өңделгенде, әрбір келесі 5 тонна плазманы фракцияланған сайын 0,5 ставканы қосу есебінен белгіленеді.

611. Тұндыру және центрифугалау аппаратшысы лауазымдары екі ауысымдық жұмысты есепке алғанда, жылына 5 тоннаға дейін көлеміндегі плазма фракциялағанда, бір кезеңде тұндыру және центрифугалау аппаратшының 1 ставкасынан және 5-10 тонна плазма фракциялағанда бірауысымда аппаратшының 1 ставкасы, центрифужердің 2 ставкасы, ал 10-15 тонна плазманы фракциялағанда, бір ауысымда тұндыру аппаратшының 2 ставкасы және центрифугалау аппаратшының 3 ставкасы есебінен белгіленеді.

612. Суыту жүйесінің аппаратшысы және тоңазытқыш жабдықтарына қызмет көрсететін слесарь лауазымдары тәулік бойы кезекшілік есебінен 1 тәулікке 1 ставка белгіленеді.

613. Қосалқы жұмысшы лауазымдары жылына фракцияланатын плазма көлемінің әрбір 5 тоннасына 1 ставка есебінен белгіленеді.

614. Санитар лауазымдары екі ауысымда жұмысты есебімен жылына фракцияланатын плазма көлемінің әрбір 5 тоннасына 2 ставка есебінен белгіленеді.

§3. Биопрепараттарды лиофилизациялау тобы

615. Мейірбике лауазымы 5 тоннаға дейін плазма фракцияланғанда 2 ставка және әрбір келесі 5 тонна плазманы қосымша фракцияланған сайын 0,5 ставка есебінен, ал 15 тоннадан жоғары әр 5 тоннаға 0,25 ставка есебінен белгіленеді.

616. Аппаратшы лауазымдары тәулік бойы кезекшілікті есептегенде бір адамнан және жылына 5 тоннаға дейін плазма фракциялағанда кезек арасындағы күндізгі жұмысшыларды 4 ставка есебінен, 5 -10 тоннаға дейін – 8 ставка, және 10 тоннадан 15 тоннаға дейін – 10 ставка есебінен белгіленеді.

617. Санитар лауазымы фракцияланатын плазманың әрбір 5 тоннасына 1 ставка есебінен белгіленеді.

§4. Қан препараттарының жартылай өнімдерін ультрафилтрлеу учаскесі

618. Провизор (зертханашы-дәрігер) лауазымы 5 тоннаға дейін плазма фракцияланғанда 0,5 ставка және әрбір келесі 5 тонна плазма фракцияланған сайын 0,25 ставка есебінен белгіленеді.

619. Аппаратшы лауазымы 5 тоннаға дейін плазма фракцияланғанда 0,75 ставка және әрбір келесі 5 тонна плазма фракцияланған сайын 0,25 ставка есебінен белгіленеді.

620. Медициналық бике лауазымы фракцияланатын плазманың әрбір 5 тоннасына 1 ставка есебінен белгіленеді.

621. Санитар лауазымы фракцияланатын плазманың әрбір 5 тоннасына 0,5 ставка және фракцияланатын плазманың әр келесі 5 тоннасына 0,25 ставкаға өсу есебінен белгіленеді.

§5. Зарарсыз құю тобы

622. Зертханашы-дәрігер (провизор) лауазымы 10 тоннаға дейін плазма фракцияланғанда 1 ставка және әрбір келесі 5000 литр плазманы қосымша фракцияланған сайын 0,5 ставка есебінен белгіленеді.

623. Аға мейірбике лауазымы әр топта белгіленеді.

624. Мейірбике лауазымы фракцияланатын плазманың (бокс ішіндегі жұмыс, бракераж, безендіру және тағы басқалары) әрбір 5 тоннасына 4 ставка есебінен белгіленеді.

625. Аппаратшы лауазымдары мейірбикенің (бокс ішіндегі жұмыс, безендіру, вальцовкалау, пастировкалау және тағы басқалары) әрбір ставкасына 1 ставка есебінен белгіленеді.

626. Санитар лауазымы фракцияланатын плазманың әрбір 5 тоннасына 1 ставка есебінен белгіленеді.

627. Қосалқы жұмысшы лауазымы 10 тоннадан астам мөлшеріндегі плазма фракцияланғанда 1 ставка есебінен белгіленеді.

§6. Зарарсыз материалдармен қамтамасыз ету бөлімі

628. Провизор (фармацевт) лауазымы - 15 тоннаға дейін мөлшеріндегі плазма фракциялау есебінен 1 ставка белгіленеді.

629. Аға мейірбике лауазымы бөлім меңгерушісі лауазымына сәйкес белгіленеді.

630. Мейірбике лауазымы 5 тоннаға дейін мөлшеріндегі плазма фракцияланғанда 0,5 ставка және 5-10 тонна плазма фракциялағанда 1 ставка есебінен белгіленеді.

631. Автоклав (медбике) лауазымдары жылына 5 тоннаға дейін мөлшеріндегі плазма фракцияланғанда 2 ставка және жылына әрбір келесі 5 тонна плазма фракцияланған сайын 5 ставка есебінен белгіленеді.

632. Ыдыстарды, тығындарды, резеңкені өңдеу жөніндегі аппаратшы лауазымдары жылына 5 тоннаға дейін мөлшеріндегі плазма фракцияланғанда 2 ставка және әрбір келесі 5 тонна плазма фракцияланған сайын 3 ставка есебінен белгіленеді.

633. Тазартылған сумен қамтамасыз ететін аппаратшы (медбике) лауазымы әрбір фракцияланатын плазмаға 1 ставка есебінен белгіленеді.

634. Қан дайындау бөлімінің жуу бөлмесі, ерітінділерді дайындайтын бөлме, тазартылған су бөлмесі, автоклав осы бөлімшенің құрамына ене алады.

§7. Өндірістік бақылау тобы

635. Зертханашы-дәрігер (провизор), зертханашы, санитар лауазымдары жылына 15 тоннаға дейін плазма фракциялағанда қызметкерлердің әрбір санатына 1 лауазымнан және 15 тоннадан астам әрбір 5 тоннаға қызметкерлердің әрбір категориясы үшін 0,25 лауазым есебінен белгіленеді.

§8. Техникалық бақылау бөлімі

636. Бөлім меңгерушісі - 1 лауазым.

637. Аға зертханашы - 1 лауазым.

638. Қан препараттары өндірісін бақылау тобы үшін мына лауазымдар белгіленеді: зертханашы-дәрігер (провизор), зертханашы (фельдшер-зертханашы), тазалықшы лауазымдары әрбір 90 серияға қызметкерлердің категориясына сәйкес 1,5, 3, 1 есебімен және 90-нан астам сериялар үшін әрбір 50 серияға, әрбір қызметкерлердің категориясына сай 0,5, 0,75, 0,75 сәйкестікпен белгіленеді.

639. Технологиялық жабдықтардың жұмысын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық жұмысшылардың штаты (электриктер, тоңазытқыш жөндеушілер, КИПиА және т.б.) салалық нормаларға сәйкес қолданылатын жабдықтардың, қондырғылардың санына қарай анықталады.

640. Қан орталықтарының үлгілік штаты және штат нормативтеріне сәйкес қан өнімдерін дайындау, қан және плазманы қайта өңдеу бойынша бекітілген мемлекеттік тапсырыстың жылдық көлемі негізінде ҚО штат саны белгіленеді.

641. Зертхана меңгерушісі зертханашы-дәрігерінің өндірістік жүктемесін орындайды:

толық – құрылымдық бөлімшенің штатында жоғары және орта білімді қызметкер саны 5-ке дейін болғанда;

50%-ға дейін көлемінде - құрылымдық бөлімшенің штатында жоғары және орта білімді қызметкер саны 5-тен көп болғанда.

Басқа бөлімшелердің меңгерушілері дәрігер жұмысын 50%-ға дейін көлемде орындайды.

642. ҚО құрылымдық бөлімшелерінің аға медициналық бикелері медициналық бике жұмысын 50%-ға дейін көлемінде істейді.

§9. Дайын өнім қоймасының үлгі штаттары (қан препараттарын жасау өндірісі болғанда)

643. Қойма меңгерушісі (медбике, фармацевт), экспедитор, санитар лауазымдары қан препараттарын жасайтын 1-2 санаттағы ҚО қызметкерлердің әрбір санатына 1 ставка есебінен белгіленеді.

2-тарау. Виварийдің үлгі штаттары

644. Меңгеруші, зоотехник, ветеринариялық дәрігер, автоклавер және санитар лауазымдары ерітінділерді дайындайтын ҚО вивариилерінің әрқайсысына 1 ставка есебінен белгіленеді.

645. Жануарларға қызмет көрсететін жұмысшы лауазымы жануарларды тамақтандыру кестесін есепке алғанда 2 ставка есебінен белгіленеді.

646. Зертханашы лауазымы бір кезекшілікке 4,5 ставка есебінен белгіленеді.

647. Санитар лауазымы дәрігер және зертханашының әр 5 ставкасына (екеуін қосқанда) 2 ставка есебінен белгіленеді.

13-тарау. Дің жасушалары банкінің үлгі штаттары

Ескерту. 13-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

648. Банк меңгерушісі – трансфузиолог-дәрігері – 1 ставка, аға мейірбике – 1 ставка, медициналық мекемелермен байланыс жөніндегі менеджер – 1 ставка, шаруа-бикесі – 1 ставка.

649. Трансфузиолог-дәрігері – 3 ставка (сепарациялау, дің жасушаларын мұздату және сақтау).

650. Цитометрия зертханасы (дің жасушаларын сепарациялау, цитометрия, өмірге қабілеттілігін бақылау үшін):

Зертханашы-дәрігер - 4,5;

Медициналық бике – 4 ставка;

Фельдшер-зертханашы (зертханашы) – 4,5 ставка;

Медициналық тіркеуші – 2 ставка;

Тазалықшы - 3 ставка;

Аппаратшы (техник) – 3 ставка.

4-бөлім. Қан орталықтары жедел және шұғыл медициналық жәрдем ұйымдарды стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының әкімшілік-шаруашылық, жалпы аурухана қызметкерлер құрамы және емхана бөлімшесінің үлгі штаттары мен штат нормативтері

14-тарау. Стационарлық көмек көрсететін және амбулаториялық-емхана бөлімшелері бар денсаулық сақтау ұйымдары

651. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының әкімшілік-шаруашылық, жалпы аурухана персоналы және емхана бөлімшесінің үлгі штаттары және штат нормативтері осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 7-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

15-тарау. Стационарлық көмек көрсететін және амбулаториялық-емханалық бөлімшелері жоқ денсаулық сақтау ұйымдары

652. Амбулаториялық-емханалық бөлімшелері жоқ стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының әкімшілік-шаруашылық, жалпы аурухана персоналының үлгі штаттары және штат нормативтері осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 8-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

16-тарау. Қан орталықтары

653. Қан орталықтарының әкімшілік-шаруашылық, жалпы аурухана персоналының үлгі штаттары және штат нормативтері осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 9-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

654. 1 сантты ҚО қосымша № 152 арнайы медициналық жабдықтау қоймасы енгізіледі:

койма меңгерушісі (провизор, фармацевт) – 1 лауазым;

мейірбике (фармацевт)- 1 ставка;

бухгалтер – 1 ставка;

койма үй-жайларын тазалаушы- 1 ставка;

аула тазалаушы – 1 ставка;

жүк тиеуші – 1 ставка.

655. Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі барлық қан орталықтарында құрылады.

Штат саны:

1) 1-санаттағы ҚО үшін: бөлім меңгерушісі - 1 лауазым; жүйелік бас әкімші - 1 лауазым; жүйелік инженер - 2 лауазым; бағдарламашы - 1 лауазым; дерекқор жөніндегі маман - 2 лауазым;

2) 2-4-санаттағы ҚО үшін: бөлім меңгерушісі - 1 лауазым; жүйелік бас әкімші - 1 лауазым; жүйелік инженер - 1 лауазым; бағдарламашы - 1 лауазым: мәліметтер базасы жөніндегі маман - 1 лауазым есебінен анықталады.

Ескерту. 655-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

655-1. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлім:

бөлім меңгерушісі - 1-4-санаттағы ҚО-да 1 лауазым;

әдіскер-дәрігер - 1-санаттағы ҚО-да 1 лауазым;

медициналық статистик - 1-4-санаттағы ҚО-да 2 лауазым.

Ескерту. Үлгілік штаттар 655-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.01.27 № 55 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

17-тарау. Жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциялары

656. Жедел және шұғыл медициналық жәрдем станцияларының штат үлгілері мен штат нормативтері осы Денсаулық сақтау ұйымдарының штат нормативтері мен үлгі штаттарына 10-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

